БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№118 (9436) | 1954 жылғы 13 июнь Жексенбі | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тиын

*ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемына жазылу халқымыздың Коммунистік партия мен Совет Үкметі төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түсуінің айқын демонстрациясына айналуда.*

## Егінді дұрыс күтіп-баптау—мол өнім алудың басты шарттарының бірі

Облысымыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет Үкметінің бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі —астық өндірісін барынша өркендету жөніндегі аса зор программасын жүзеге асыру жолына барлық күш- мүмкіншіліктерді жұмылдыра отырып, көктемгі егіс жұмыстарын агротехникалық қолайлы мерзімде аяқтады. Колхоздар мен совхоздар егістікке көптен пайдаланылмай келген тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен ауылшаруашылық дақылдар егісінің көлемін өткен жылдағыдан 150 мың гектардан астам ұлғайтты. Егістік жерді жұмыстауды, оған тұқым себуді агротехникалық жоғары сапада жүргізді. Картоп пен овощь дақылдарын өсірудің жаңа прогрессивтік әдістері мен тәсілдері қолданылды. Көптеген шаруашылықтар бұл дақылдарды шаршы- ұялап отырғызды, сол сияқты, овощьтың көшеттерін шымтезек- шірінді құмыраларда өсіруді кеңінен қолданды. Сөйтіп, облыс колхоздары мен совхоздарының егіншілері, механизаторлар барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың алғашқы негізін қалады.

Қазір барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу жолындағы күрестің екінші кезеңі —егінді мұқият күтіп-баптау кезеңі туды. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің бүгінгі аса маңызды міндеттерінің бірі егінді кезінде дұрыс күтуді ойдағыдай өткізу болып табылады.

Алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздар егінді күтіп- баптау жұмысына әзірлікті ерте қолға алды. Бұл жөнінде арнаулы бригадалар құрды. Бригадалардың мүшелеріне күтіп- баптау кезінде жаңа өніп келе жатқан жас өсімдіктерді бүлдіріп, таптап- басып, жұлып тастамаудың жолдары түсіндірілді. Қазір ондай бригадалардың бірқатары колхоз, совхоздардың дәнді дақылдар егісінде көктеген арам шөптерді отауда қызу қарқынмен жұмыс істеуде. Мәселен, Қиялы астық совхозының бөлімшелерінде үй шаруашылығындағы әйелдер мен мектеп оқушыларынан құрылған қамтуында 90 адамы бар үш бригада ерте көктеген дәнді дақылдар егісін арам шөптен тазартып жүр. Олар қазірдің өзінде 500 гектарға жуық дәнді дақылдар егістігінің арам шөбін отады. Дәнді дақылдар егісін арам шөптен тазарту Шағлы совхозында да ұйымшылдықпен жүргізіліп келеді. Бұл совхоздың

арттыра берудің алғашқы бір адымы ғана. Отамалы дақылдардың қатараралықтарын кезінде күтіп- баптамайынша, оларға қосымша қоректі заттарды уақытылы енгізбейінше бұл дақылдардан мол өнім алуға болмайды. Сондықтан барлық колхоздар мен совхоздар картоп, овощь дақылдары егісін күтіп- баптау ісіне ойдағыдай әзірленуге тиіс. Отамалы дақылдардың қатараралықтарының топырағын жаз бойына кемінде үш- төрт рет қопсытуды, арам шөпті мезгіл-мезгіл отауды, өсімдіктерді мезгілінде түптеп отыруды мұқият ұйымдастыру керек.

Картоп пен овощь дақылдарының көпшілігінің шаршы- ұялы әдіспен отырғызылуы олардың қатараралықтарын ұзын бойға және көлденең механика күшімен өңдеуге мүмкіншілік береді.

Барлық ауылшаруашылық дақылдары егісін күтіп- баптауды ойдағыдай ұйымдастыруда агрономдар зор роль атқарады. Олар егісті күтіп- баптауға керекті машиналарды жұмысқа әзірлеу ісін тез аяқтауда, егісті күту кезінде трактор бригадаларында үнемі болып, культиваторлардың механизмдерін дұрыс тәртіпке келтіру жұмыстарында механизаторларға көмектесуге міндетті. Сонымен қатар, агрономдар колхоздардағы егінді күтіп-баптау жөніндегі бригадалардың жұмысының басы- қасында болып, олардың жұмыстарының сапасына бақылау жасауға тиіс. Егінді күтуде жұмыс істейтін адамдарға бұл істің маңыз-мақсатын, жұмысты ұйымдастырудың тәртібін үйретіп отырулары қажет.

Облысымызда егінді күтіп- баптау жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп, одан өнімді мол алуға жетісіп жүрген шаруашылықтар, картоп, овощь бригадалары аз емес. Мәселен, өткен жылы дәнді дақылдар егісінің барлық көлемінен мол өнім алғаны үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық кермесіне кандидат болып бекітілген Соколов ауданының Пушкин атындағы, Киров атындағы, «Победа», «Дозор Ильича» колхоздары, Полудень ауданының «Путь Ленина», Преснов ауданының «Пламя революции», Конюхов ауданының Маленков атындағы колхоздары табысқа осы жолмен жетісті. Картоп пен овощь дақылдары егісін күтуді үлгілі ұйымдастырған Сталин атындағы колхоздың (Полудень ауданы) Мария Охрименко жолдас басқаратын огород бригадасы да бұл дақылдардан жылма-жыл

## ССРО КӘСІПОДАҚТАРЫНЫҢ XI СЪЕЗІ

Кремльдің Үлкен Сарайында кәсіподақтардың XI съезі онан әрі жұмыс істеді. КБОС пен Орталық Тексеру Комиссиясының есепті баяндамалары делегаттардың зор белсенділігі жағдайында талқылануда.

9 июньдегі таңертеңгі мәжілісте бірінші болып медицина қызметкерлері кәсіподағының Орталық комитетінің председателі **М. В. Ильина** шығып сөйледі. Коммунистік партия мен Совет үкметі, деді ол, еңбекшілердің өмірін қорғап, денсаулығын сақтауға үнемі қамқорлық жасап келеді. Денсаулық сақтау ісіне мемлекет бөліп отырған қаржы үздіксіз арта түсуде. Быйылғы жылдың өзінде ғана бұл мақсатқа 24 миллиард сомнан аса қаржы бөлініп отыр.

Шешен бұдан кейін медицина мекемелерінің жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды.

Краснодар өлкесіндегі «Малая земля» совхозының бригадирі **Л. А. Стеклова** шығып сөйледі. Ол совхоз коллективінің шаруашылықты өркендету егіннен мол өнім алу жолындағы күресі туралы айтып берді.

Сөз Польша кәсіподақтарының Орталық Советінің председателі **Виктор Клосевичке** берілді, съездегілер оны ұзақ қолшапалақтап қарсы алды.

Барлық поляк еңбекшілерінің жүрегін, деді ол, мызғымас достық және Ұлы Октябрь революциясының отанына, қаһарман совет адамдарына алғыс айтқан терең сезім билеп отыр. Поляк халқы өзі үшін ең ардақты болып табылатын игіліктің бәріне —бостандығы мен тәуелсіздігіне, тарихи шекарасының қайта қосылуына, жемісті бейбіт еңбек етіп, жаңа, социалистік тұрмыс орнату мүмкіндігіне Совет Одағының арқасында жетті. Виктор Клосевич поляк делегациясының атынан съезге тарту ретінде кілем тапсырды, бұл кілемде Варшавада салынып жатқан Мәдениет және ғылым сарайының бейнесі өрнектеліп тоқылған.

Москваның таңдаулы кірпіш қалаушысы **И. П. Ширков** өзінің сөзін құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру мәселелеріне, құрылыстарды маман кадрлармен қамтамасыз етуге арнады.

Кәсіподақтардың Москва облыстық советінің председателі **С. А. Васильев** сөз алды.

Трибунада —Францияның Жалпы еңбек конфедерациясының бас секретары **Ален Ле Леап.** Съезге қатысушылар оны ұзақ қолшапалақтап қарсы алды. Ален Ле Леап Франция еңбекшілерінің өз пра-

дың кәсіподақ ұйымдары таңдаулы машинистердің, поезд құрастырушылардың, диспетчерлердің практикада өзін ақтаған озат еңбек әдістерін елеусіз ұмыт қалдырып келеді.

Съезде еңбек сіңірген спорт мастері **Л. М. Селихова** кәсіподақтардың спорт қоғамдарының жұмысы туралы айтты. Біздің елімізде физкультура қозғалысы жылдан жылға барған сайын бұқаралық қозғалысқа айналып, спортшылардың шеберлігі артып келеді. Солай бола тұрса да, көптеген еңбекшілер спортпен шұғылдануға әлі де тартылмай отыр. Бұған кәсіподақ ұйымдары кінәлі.

Сөз Чехословакия кәсіподақтары Орталық Советінің бірінші секретары **Иозеф Теслаға** берілді, делегаттар мен қонақтар оны жылы шыраймен қарсы алды.

—Біртұтас кәсіподақ ұйымына біріккен біздің елдің еңбекшілері, —деді шешен, —жаңа тұрмыс орнату жөніндегі біздің жұмысымызда совет халқының бізге көрсетіп отырған зор көмегі үшін сіздердің съезіңізде оған қызу алғыс айтуды маған тапсырды.

Мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағының Орталық комитетінің председателі **Г. Н. Петелин** мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсартуға кәсіподақтардың қалай қатысып отырғаны туралы айтты.

Съездің делегаттары Италияның Жалпы Еңбек Конфедерациясының құттықтауын зор ықласпен тыңдады. Халықаралық ынтымақ принциптерінен айнымайтын Италияның еңбекшілері, делінген құттықтауда, бейбітшілік жолындағы халықаралық қозғалысқа, барлық халықтардың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күреске қатысуда.

Съездің таңертеңгі мәжілісінде болған жарыссөзде бұлармен қатар кәсіподақтардың Белоруссия республикалық советінің председателі **И. А. Бельский** және КБОС курорттарының, санаторийлері мен демалыс үйлерінің Орталық басқармасының бастығы **И. И. Козлов** шығып сөйледі.

* * *

Съездің 9 июньдегі кешкі мәжілісінде Мандат комиссиясының председателі **Б. С. Ржанов** баяндама жасады.

Болгария кәсіпорындарының Орталық Советінің председателі **Тодор Прахов** сөз алып, съездің длегаттарына және Совет Одағының барлық еңбекшілеріне болгар еңбекшілерінен туысқандық сәлем тапсырды.

Тодор Прахов болгар және совет ха-

Бүгін таңда корей жұмысшы табының алдында аса маңызды міндет — соғыс кезінде қыйраған халық шаруашылығын жедел қалпына келтіріп, елді бейбітшілікпен біріктіруге жету міндеті тұр.

Ким Ен Ен съзге ту тапсырды.

Сөз Сталин атындағы Кузнецк комбинатының вальцовщигі **П. В. Заварыкинге** берілді.

Металлургтердің тұрмысы жылдан-жылға көрікті және ауқатты тұрмысқа айналуда. Сталинск қаласында үш жылдың ішінде 86 мың шаршы метр тұрғын үйлер салынды. Қазіргі уақытта жұмысшылардың өз автомашинасына мініп жүруі, әсем мебель, пианино және рояль сатып алуы жиі кездесетін жағдайға айналды,

Венгер кәсіподақ делегациясының өкілі **Иожеф Мекиш** құттықтау сөз сөйледі.

Венгер кәсіподақтары, деді ол, өз міндеттерін ойдағыдай орындау ісінде совет кәсіподақтарынан баға жетпес көмек алды, ал біз совет кәсіподақтары тарапынан бұдан былай да туысқандық көмек пен жәрдем алып тұрамыз деп сенеміз. Бұл съездің тәжрибесін біз венгер еңбекші халқының материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін неғұрлым тез арттыру жолындағы күресте пайдаланамыз.

Бұдан кейін Румыния кәсіподақтарының Орталық Советі Президиумының председателі **Стелиан Морарға** сөз берілді.

Румын кәсіподақ делегациясы, деді ол, совет кәсіподақтары мен барлық совет адамдарының орасан зор және маңызды жұмыстардың барлық салаларында, коммунизм орнату, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғау ісінде жаңа табыстарға жетуін тілейді.

Съездің кешкі мәжілісінде бұлармен қатар кәсіподақтардың Өзбек республикалық советінің председателі **Д. Ходжаев,** ССРО Министрлер Советі жанындағы еңбек резервтері Бас басқармасының бастығы **Г. И. Зеленко,** КБОС-тың күрделі құрылыс басқармасының бастығы **П. Е. Фомин,** экскватор машинисі **Т. И. Грибов** (Амур облысы) шығып сөйледі.

* * *

Кәсіподақтардың XI съезінің жұмысы бесінші күн жүргізілуде.

Съездің адресіне өнеркәсіп орындарының жұмысшылары мен қызметшілері коллективтерінің съезд құрметіне қабылдаған социалистік міндеттемелердің орындалуы туралы, өндірістік жоспарлардың мерзімінен бұрын орындалуы туралы көптеген телеграммалар, хаттар және рапорттар түсуде. Машина- трактор стан-

тік жарыстың озаттары—кәсіпорындары үшін екі мыңға жуық ауыспалы қызыл тулар мен вымпельдер, соның ішінде ССРО Министрлер Советінің 256 туы және КБОС-тың, одақтық және одақтық-республикалық министрліктердің 832 туы белгіленгенін айтты. Өткен жылы озат коллективтерге сыйлық беру үшін жарты миллиард сомнан астам қаржы жұмсалды.

Жазушы **М. Г. Бараташвили** Грузияның мәдениет қызметкерлерінің ауыл шаруашылығына көрсетіп отырған көмегі туралы айтты. Республиканың ғылым академиясы, жазушылар Одағы, театрлар, филормониялар, клубтар және басқа мәдени-ағарту мекемелері селода лекциялар, сауық кештер, концерттер ұйымдастырып, спектакльдер қоюда, селолық мәдени мекемелеріне олардың жұмысын жақсартуға ұйымдастыру комитетінің председателі көмектесуде.

Кәсіподақтың Бүкіліндиялық конгресі ұйымдастыру комитетінің председатели **Сатьяприя Баннерджи** сөз алды. Индияның карт кәсіподақ ұйымы —кәсіподақтардың Бүкіліндиялық конгресі мен Индияның миллиондаған еңбекшілері атынан ол съездің делегаттарына және Совет Одағының барлық халқына туысқандық сәлем жолдады.

Жапония кәсіподақтары Бас Советі делегациясының басшысы құттықтау сөз сөйледі. Ол Жапония жұмысшыларының алдағы уақытта да Совет Одағының және бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерімен байланысты нығайтып, халық мақсаты үшін, өз отанының тәуелсіздігі үшін, бүкіл дүниежүзіндегі бейбітшілік үшін ақырына дейін күресетінін мәлімдеді.

Облыстық комитеттің председателі **И. А. Антипенко** съезде Сталин атындағы Новокраматор заводы коллективінің творчестволық еңбегі туралы, өнімді көптеп шығару жолындағы социалистік жарысы туралы айтты.

Мінбеде —Индонезияның кәсіподақтары Орталық федерациясының өкілі **Мунир** Кәсіподақтардың Бүкілдүниежүзілік федерациясының басшылығымен, деді ол, Индонезия жұмысшылары өзінің жұмысында зор табыстарға ие болды. Индонезияның демократиялық күштері елді империалистік соғыс жүйесіне тартуды көздеп отырған ішкі реакцияға қарсы батыл күрес жүргізуде.

Мунир съезге индияның халық шеберлері орындаған қолөнер заттарының үлгісін тарту етіп жолдады.

Гватемала еңбекшілерінің Жалпыға бір-

күтіп- баптау жөніндегі бригадалардың мүшелері 700 гектар егісті көктеген арам шөптен бірінші рет тазартып болды.

Егінді күтіп- баптау колхоздарда да басталды. Ленин атындағы колхозда (Совет ауданы) колхозшы әйелдер мен жетіжылдық мектептің оқушылары 300 гектарға жуық егісте көктеген арам шөптерді отады.

Дегенмен, көптеген шаруашылықтарда егінді күтіп- баптау жұмысының кәзіргі жайы өте- мөте қанағаттанғысыз болып отырғанын айта кетуіміз керек. Булаев, Приешім, Мамлют аудандарындағы колхоздардың жекелеген егіс алаңдарында арам шөптер ерте-ақ көктеді. Кәзір көктеген арам шөптер егіннің біркелкі өсіп бойлауына зиянын тигізуде. Осыған қарамастан аталған аудандардың көп колхоздары бұл участоктерді арам шөптен тазартуға кіріспей отыр. Тіпті, олардағы кейбір колхоздардың басшылары егінді күту жөнінде бригадалар құру, ол бригадаларды керекті құралдармен жабдықтау ісін де қолға алмаған. Мұның өзі колхозда мүмкіншіліктің жеткіліксіздігінен болып отырған жағдай емес, егінді күтіп- баптау жұмыстарын дер кезінде жүргізуді ұйымдастыруға аудан, МТС, колхоз басшыларының жете мән бермеулерінің салдарынан болып отырған жағдай.

Быйыл картоп егісінің көлемі өткен жылғымен салыстырғанда тек колхоздарда ғана 877 гектар ұлғайтылды. 2500 гектардан астам картоп шаршы -ұялы әдіс бойынша отырғызылды. Сол сыяқты, овощь дақылдары егісінің көлемі ұлғайтылумен бірге, оны егуде жаңа прогрессивтік әдістер кеңінен қолданылды. Бірақ, бұл отамалы дақылдар өнімділігін

Бірақ, әлі де, осындай озаттардың тәжрибелері барлық шаруашылықтардың, бригадалардың игілігіне айналдырылмай келеді. Жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық органдарының басшылары мен мамандар бұл істі әлі де мықтап қолға алмай отыр. Рас, олар өндіріске озат тәжрибені кеңінен енгізу жөнінде көптеген бағалы пікірлер айтады. Ал, сөзді іске айналдыруға аз көңіл бөлінеді. Міне, бұл зиянды әдеттен үзілді- кесілді арылатын уақыт жетті. Егінді баптап- күту шеберлерінің тәжрибелерін барынша қолдап, кеңінен таратып отыру —партия, совет ұйымдарының, МТС, колхоз, совхоз басшылары мен мамандарының бүгін таңдағы аса маңызды міндеттерінің бірі.

Сонымен бірге, колхоз, совхоздардың партия ұйымдары егінді күтіп- баптау ісіндегі еңбекшілердің арасында бұқаралық- саяси жұмыстарды өрістетіп, олардың өзара социалистік жарысын ұйымдастырып және оны басқарып отырулары керек.

Кәзір колхоздар мен совхоздарда бірімен-бірін ұштастыра жүргізуді керек ететін бірнеше маңызды шаруашылық жұмыстардың кезеңі келді. Олар егінді күтіп- баптаумен бірге, пішен жыйнау, пар жырту, оны күту, егін жыйнауға әзірлеу жұмыстарын қат- қабат жүргізуде. Бұл жағдай аудан, МТС, колхоз басшыларын шаруашылыққа үнемі жан- жақты және нақты басшылық етуге міндеттейді. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары өздерінің бүкіл жұмыстарын осы міндеттер дәрежесінде ұйымдастырып, егіннің агрономиялық талаптарға сай күтілуін қамтамасыз ететін болсын.

## АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ АВИАЦИЯСЫНЫҢ ҰШҚЫШТАРЫ—КӨРМЕГЕ КАНДИДАТ

ҚОСТАНАЙ, (ҚазТАГ). Колхоз, совхоздардың егін даласының үстінде ауылшаруашылық самолеттері жиі- жиі көріне бастады. Олар дәнді дақылдар мен көпжылдық шөптерді қоректендіру, егінді арам шөптерден тазарту жұмыстарын, зиянды жәндіктерге қарсы күрес шараларын жүргізеді. Өткен жылы Қостанай авиация отряды 52 мың гектар алаңда түрлі арнаулы ауылшаруашылық шараларын қолданды. Бұл —жоспарда қарастырылған шаралардан екі есеге жуық артық. Ұшқыштар Ялин, Кальметьев, Вязигин, Зубов өте жақсы еңбек сіңірді.

Үстіміздегі жылы авиация отряды ауылшаруашылық жұмыстарын өткен жылғыдан едәуір көп жүргізеді. Жуырда ұшқыштар 6 мың гектарға жуық алаңдағы дәнді дақылдар мен көпжылдық шөптерді көктемде қоректендіруді аяқтады. Кәзір олар ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктерге және арам шөптерге қарсы күрес жүргізуге кірісуде. Солтүстік аудандардың егіншілеріне көмек көрсетуде қол жеткен табыстары үшін Қостанай авиация отряды Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидаттыққа ұсынылды.

## ТЕҢІЗ ҮСТІНДЕГІ САУДА

ГУРЬЕВ, (ҚазТАГ). Алыстан балық аулайтын кеменің діңгегі көрінді. Суда жүзетін «Моряк» дүкені оған қарай бет алды. Балықшылар бірінен соң бірі кеменің бортына көтеріле бастады. Олар қолдарына үлкен пакеттер ұстап оралуда.

Суда жүзетін дүкеннің сатушысы Болятинский жолдас облыстық балық аулау тұтынушылар одағы теңіз секциясының таңдаулы дүкен сатушыларының бірі. Одан әрқашан қажетті товарларды сатып алуға, заказ беруге болады. Дүкен кәзірдің өзінде товар айналымының жартыжылдық жоспарын орындады.

Солтүстік Каспийде балық аулау қызу қарқынмен жүргізілуде. Мыңдаған балықшылар, суда жүзетін балық заводының жүздеген жұмысшылары балық аулауда және балық өңдеуде. Облыстық балық аулау тұтынушылар одағының теңіз секциясы оларға 8 миллион сомның товарларын бөлді.

тық тәуелсіздік жолындағы күрес туралы айтты. Ол XI съездің өз жұмысында табыстарға жетуін тілеп, совет кәсіподақтарының құрметіне, Франция мен Совет Одағы еңбекшілерінің достығы құрметіне ұрандар айтты.

Темір жол транспорты жұмысшылары кәсіподағының орталық комитетінің председателі **Е. Т. Чередниченко** шығып сөйледі. Партия мен үкмет, деді ол, темір жолдардың жұмысын едәуір жақсарту міндетін қойып отыр. Кәзір болат магистральдарда еңбек өнімділігін арттыру, темір жолдардың жұмысын жақсарту, мемлекеттік тасымал жоспарын орындау және асыра орындау жолындағы жарыс жаңа күшпен өрістетілуде.

Ал оның бер жағында социалистік жарысқа формальдық- бюрократтық басшылық ету фактілері аз емес. Темір жолдар-

белгісі ретінде съезге сыйлық тартты.

Азық-түлік товарлар өнеркәсіп жұмысшылары кәсіподағының Орталық комитетінің председателі **А. О. Асланов** тамақ кәсіпорындары қызметкерлерінің өндірістің жаңа резервтерін табу үшін, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміту үшін қалай күресіп жатқаны туралы айтты.

Трибунада — Корей кәсіподақ делегациясының өкіл **Ким Ен Ен.** Делегаттар мен қонақтар қаһарман корей халқының өкілін ду қолшапалақтап қарсы алды.

Совет халқының коммунизм орнату ісінде жеткен табыстары, деді Ким Ен Ен, өз отанының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күреске аттанған басқа елдердің еңбекшілері сыяқты, корей жұмысшы табы үшін де өнеге болып табылады.

темгі егістің мерзімінен бұрын аяқталуы, тың және тыңайған жерлерді игерудің жоспарларының орындалуы туралы хабарлар жіберуде.

Шетелдердің түрлі кәсіподақ ұйымдарынан съездің адресіне көп телеграммалар түсті.

11 июньде, таңертеңгі мәжілісте, Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің және Орталық Тексеру комиссиясының есепті баяндамалары бойынша жарыссөз онан әрі созылды.

Бірінші болып сөз сөйлеген КБОС-тың өндірістік -бұқаралық жұмыс бөлімінің меңгерушісі **В. Г. Силуянов** жолдас бөлімнің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді көрсеткен съезд делегаттары тарапынан болған дұрыс сынды мойындады.

Мұнан кейін Силуянов жолдас социалис

хиллио Герра съезді құттықтап, қызу сөз сөйледі.

Сонымен қатар, таңертеңгі мәжілісте ССРО-ның құрылыс материалдары өнеркәсібі министрінің орынбасары **И. И. Лебедь,** кәсіподақтардың Қазақстан республикалық Советінің председателі **И. Ш. Шәріпов,** Дулевск фарфор заводының жұмысшы әйелі **А. И. Романов,** теңіз және өзен флоты жұмысшылары кәсіподақтарының Орталық Комитетінің председателі **А. И. Косткин,** химия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподақтары Орталық Комитетінің председателі **Н. М. Ковалев** және электр өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы Орталық Комитетінің председателі **М. Я. Александров** сөз сөйледі.

(СОТА).

# Облыс еңбекшілері жаңа заемға зор белсенділікпен жазылуда

★

### БАҚЫТТЫ БОЛАШАҒЫМЫЗ ҮШІН

Қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасының тігіншілері ССРО-ны өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемын шығару жөніндегі Үкмет қаулысын асқан зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Олар Үкмет қаулысын радиодан зор ынтамен тыңдап, Коммунистік партия мен Совет Үкметіне шын жүректен алғыстарын айтты. Үкмет хабарынан кейін көп адам қатысқан митинг өткізілді. Митингіні фабрика партия ұйымының секретары И. Иванченко жолдас ашып, фабриканың директоры И. Ермолин жолдасқа сөз берді. Ол тігіншілерді Мемлекеттік жаңа заемға жазылу шарттарымен таныстырып, оларды бір адамдай жаңа заемға жазылуға шақырды.

Мінбеде өндіріс озаты С. Тынчарова жолдас:

—Коммунистік партия мен Совет Үкметі совет адамдарының материалдық әлауқаты мен мәдени дәрежесінің жақсаруына күнбе- күн қамқорлық жасап отыр. Қазақстанның мыңдаған гектар тың және тыңайған жерлерін игеру — елімізде астық молшылығын жасауға, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мен жаңа заем шығару туралы Үкмет қаулысын шын жүректен қуаттап, екі апталық жалақыма жазыламын. Үкмет қаулысына жауап ретінде сменалық нормамды 170 процент орындауға міндеттенемін.

—Совет заемы,—деді фабриканың инженері В. Ганюшкин жолдас,—біздің жеңіл өнеркәсібіміздің онан әрі өркендей беруіне көмектеседі. Соңғы жылдарда фабрикада еңбекті көп керек ететін жұмыстардың бәрі де толық механикаландырылды. Фабрика өндіріс алаңының көлемі жағынан 2,5 есе өсті. Жаңа заем еліміздің халық шаруашылығының өркендей беруіне, совет адамдарының әл- ауқаты мен мәдени дәрежесінің жақсаруына көмектеседі.

★

### Зор отаншылдық сезіммен

Қаладағы былғары заводының коллективі ССРО -ның халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемын (1954 жылы шығарылуы) шығару туралы ССРО Министрлер Советінің хабарын шын сүйіспеншілікпен тыңдады.

Бұл хабарды естігеннен кейін заводтың кең клубына халық лық толды. Олар жаңа заемның шығуына арналған митингке жыйналды.

Митингті былғары заводының парт бюро секретары Бесов жолдас ашты.

Мінбеге бірінші шыққан өңдеу цехының жұмысшысы Зорин жолдас Совет Одағының Коммунистік партиясының басшылығымен совет халқы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, коммунизмге қарай алға басып келе жатқанын, жаңа заемның Отанымыздың күш-қуатын арттыра беруде, еңбекшілердің тұрмыс халын жақсартуда зор маңызы бар екенін айтты.

—Мен бұрын сменалық нормамды 120-130 процент орындасам, жаңа заемға жауап ретінде сменалық нормамды 150-200 процент етіп орындаймын,—деді, ол.

Бұдан кейін заводтың техникалық бақылау басқармасы Юдин жолдас сөз алды.

—Біздің сүйікті Отанымыз, —бейбітшіліктің, халықтар достығы мен ынтымағының Отаны. Ал, біздің туысқан үкметіміз Отанымыздың және халқымыздың мүддесі мен мақсатын үнемі ойлап, алуан түрлі игілікті істерді жүзеге асырып отырады. Сондықтан да тұрмысымыз күн санап жақсарып, өмір қызықты болып барады. Азық- түлік, өнеркәсіп товарларының соғыстан кейінгі жылдарда жеті дүркін арзандатылғаны оған айқын дәлел.

Мінбеге шығып басқа сөйлеушілер де Мемлекеттік жаңа заемды шын жүректен құттықтайтындығын және туысқан партиямыз бен үкметімізге сансыз алғыс айтатындарын білдірді.

Митинг бітісімен былғарышылар жаңа заемға жазылуға кірісті.

### Заемға бәрі де жазылды

Микоян атындағы ет комбинатының клубында ССРО Министрлер Советінің Мемлекеттік жаңа заем шығару туралы қаулысына арналған митинг болды. Митингіге комбинаттың көп жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері қатысты. Комбинат партия бюросы секретарының орынбасары Ануфриев жолдас өзінің сөзінде былай деді:

—Біздің совет елінде барлығы совет адамдарының өсіп отырған материалдық және мәдени керектерін қанағаттандыру үшін жасалады. Сондықтан мен комбинаттың жұмысшылары мен қызметкерлерін жаңа заемға біркісідей жазылуға шақырамын. Өйткені, біздің заемға берген қаржымыз еліміздің экономикасын нығайта беруге, халықтың материалдық, мәдени тұрмыс дәрежесін жақсарта түсуге жұмсалады.

—Мен,—деді бұдан кейін сөз алған Г. Чэмакин жолдас,— екі апталық еңбекақыма жаңа заемға жазыламын. Менің мемлекетке берген бұл қаржымның ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі партиямыз бен үкметіміздің алға қойып отырған міндеттерін жүзеге асыруға жұмсалуына өте қуанамын.

—Мемлекеттік жаңа заем шығару туралы жарияланған үкмет хабары,—деді консерві банкесін жасау цехының бастығы Фукц жолдас,—бізді өндірісте жаңа табыстарға жете беруге жігерлендіреді. Біз еңбек өнімділігін арттыра отырып, айлық тапсырманы толық орындап шығамыз деп цех коллективінің атынан міндеттенемін.

Митингтің соңында комбинат жұмысшылары мен қызметкерлері түгелдей жаңа заемға жазылды.

★

### ТІГІНШІЛЕР ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ЖАЗЫЛУДА

«Бірінші май» артелінің жаппай киім тігу және заказ цехтарының тігіншілері жаңа заем туралы Үкмет қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Заемға арналған жыйналысқа көп адам қатынасты.

—Біздің елімізде, —деді жаппай киім тігу цехының бастығы К. Тараканова жолдас, —заем еңбекшілердің әл-ауқатын жақсартуға, Отанымыздың күш -қуатын нығайту мақсатына жұмсалады. Мұны әрбір совет азаматы өзінің тұрмысынан, өз коллективі өмірінен айқын көруде. Соңғы жылдары артель мүшелерінің нақтылы еңбекақысы анағұрлым өсті. Жыл сайын артель мүшелері еліміздің санаторийлері мен курорттарына барып тынығады.

Біз, цех коллективі, ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемын бірауыздан қарсы алып, оған тегіс жазыламыз.

Артель председателі А. Миненкова жолдас былай деді:

—Жаңа заемның қайда жұмсалатынын біз жақсы білеміз. Тек қана біздің Петропавл қаласын көркейту үшін үстіміздегі жылы миллиондаған сом қаржы босатылып отыр. Бірнеше тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, балалар бақшасы салынбақ.

Партия мен үкмет еңбекшілерге үнемі қамқорлық көрсетуде. Бұған быйыл өнеркәсіп және азық -түлік товарларына мемлекеттік бөлшек сауда бағасының жетінші рет кемітілуі айқын дәлел бола алады. Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеру үшін 15 мыңнан аса патриоттар келді. Сондай-ақ, облыстың совхоздары мен МТС-тері ауылшаруашылық техникасын керегінше көптеп алуда.

Митингтен кейін жұмысшылар бірінен соң бірі заемға жазыла бастады. Бірінші болып озат жұмысшылар Н. Кудрявцева, В. Кувасова жолдастар жазылды.

## КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

# Аудан комсомолецтері жарыс туын жоғары ұстауда

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль- март пленумдары ауыл шаруашылығының бүкіл саласын шұғыл өркендетудің зор программасын белгілеп берді. Бұл программаны жүзеге асыру— бүкілхалықтық міндет, еліміздің барлық комсомолецтері мен жастарының да абройлы ісі.

Ленин комсомолы— советтік деревняда үлкен күш. Партия комсомолды ғылым мен практиканың табыстарын, еңбектің озат әдістерін колхоз және совхоз өндірісіне батыл енгізіп, ауыл шаруашылығын, оның негізі —астық өндірісін онан әрі өркендету жолындағы социалистік жарыстың алдыңғы сапында болуға шақырды. Партиямыздың шақыруы біздің ауданның комсомолецтері мен жастарының қызу қолдауын тапты. Жастар бұл күндері егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының шешуші участоктерінде қажырлылықпен еңбек етіп, социалистік жарыс туын жоғары ұстауда.

Біздің ауданға партиямыздың шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеру үшін 2 мыңнан астам жас жігіттер мен қыздар келді. Бұлардың көпшілігі Москвадан, Кубаньнан, Украинадан еліміздің басқа да аудандарынан келген комсомолецтер. Жас патриоттардың көптеп келуі бастауыш комсомол ұйымдарын нығайтуға, олардың ауыл шаруашылығындағы ықпалын арттыруға қолайлы жағдай туғызды. Мәселен, Булаев МТС-і комсомол ұйымының қатары 110 адамға дейін өсті.

Село комсомол ұйымдарының қатарының өсуі өндірістің шешуші участоктерінде, егіс бригадалары мен трактор бригадаларында комсомол ұйымдарын құруға мүмкіндік берді. Қазір МТС- тердің 22 трактор бригадаларында, сондай-ақ ескі, жаңа совхоздардың трактор бригадаларында бастауыш ұйымдардың правосында комсомол ұйымдары жұмыс істейді. Комсомол ұйымдары партия ұйымдарының жауынгер көмекшісі ретінде колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің арасында бұқаралық - саяси жұмысқа белсене қатынасып, жастардың социалистік жарысын кеңінен өрістетуде.

Дала жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап ауданда 6 комсомол- жастар бригадасы социалистік жарысқа ұштасты. Көктемгі егіс жұмыстарының бірінші онкүндігінде Пистун жолдас басқарған комсомол -жастар бригадасы жақсы көрсеткіштерге ие болды. Бұл бригада әрбір трактормен жұмсақ жерге аударғанда 114 гектардан тың және тыңайған жерлерді жыртып, социалистік жарыста аудан бойынша бірінші орынға ие болды. Бригада мүшелері қазір пар жырту жұмысында да МТС-тің Ауыспалы Қызыл Туын берік ұстауда.

Быйыл курсты бітіріп, алғашқы рет жұмысқа кіріскен Иван Тарануха, Манзя сыяқты жас тракторшылар мен тіркеушілер Шалях, Волошин жолдастар сменалық тапсырмаларын 115—130 процент орындайды. Осы сыяқты Булаев-нің № 5 комсомол- жастар бригадасында Кубаньнан келген механизаторлар жұмыс істейді. Олар социалистік жарыста алған міндеттемелерін абройдмен орындау жолында қажырлы еңбек ете отырып, 20 күнде әрбір трактормен 233 гектардан жер жұмыстады. Бригада 1554 килограмм жанар және жағар май үнемдеді.

БЛКЖО мүшесі Александр Грибашев жолдас басқарған Ұзынкөл совхозының комсомол- жастар бригадасы да техниканы тиімді пайдалануда. Көктемгі егістің соңғы күндерінде трактор агрегаты 88 гектардың орнына, смена сайын 180 — 200 гектар егін сеуіп, жоғары көрсеткіштерге ие болды. Бір сөзбен айтқанда, ауданда техниканы тиімді пайдаланып, еңбекте жаңа табыстарға жетіп жүрген бригадалар мен комсомолец жастар аз емес.

Алайда, ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендету жөнінде партия алға қойып отырған зор міндеттерді жете түсінбеген, социалистік жарыста кейін қалып отырған бірен- саран комсомолецтер мен жастар да бар. Мұның өзі кейбір бастауыш комсомол ұйымдарының жастар арасындағы саяси- тәрбие жұмысын мазмұнды ұйымдастырмауларынан, жас колхозшылар мен механизаторлардың жұмысқа жауапкершіліктерін арттырмауларынан болып отыр деуіміз керек. Мәселен, Калинин атындағы МТС-те комсомолец Василий Резнов жолдас басқарған трактор бригадасының станция бойынша барлық бригадалардан кейін қалып қоюын тек осымен түсіндіруге болады. Мұндай фактілер некен- саяқ емес. Кейбір бригадаларда еңбек тәртібінің бұрмалануына жол беріледі. Совет совхозында комсомолецтер Смирнов пен Николаев жолдастардың жұмысқа кезінде шықпауы себепті «С—80» тракторы бір тәулік бойы бос тұрған. Ендігі жерде мұндай кемшіліктерге тіпті де төзуге болмайды.

Қазір трактор бригадалары пар жырту жұмыстарымен бірге шөп шабуға кірісkeлі отыр. Комсомолецтер мен жастар бұл жұмыстарда қажырлы еңбек етіп, социалистік жарыста жаңа табыстарға жетуге тиіс. Совхоздар мен МТС комсомол комитеттері жаңадан ұйымдастырылатын бригадаларда комсомол ұйымдарын құрып, дала жұмыстарының ұйымдасқан түрде жүргізілуіне, жанар және жағар майдың үнемдеп жұмсалуына жетісуге міндетті.

Бұл үшін бастауыш комсомол ұйымдарында одақтың ішкі жұмыстарының дәрежесі жоғары болуы қажет. Трактор бригадалары, ондағы комсомол ұйымдары МТС және совхоз орталықтарынан алыстағы участоктерде жұмыс істейтіні мәлім.

Сондықтан, комсомол комитеттерінің бюро мүшелері, оның секретарьлары бригадалардағы комсомол ұйымдарында жиі болып, олардың жұмысына нақтылы көмек көрсету арқылы жастардың социалистік жарысын қызу ұйымдастыруға тиіс. Комсомолецтер мен жастардың социалистік жарыста авангардтық роль атқаруына жетісу комсомол ұйымдарының

## Қызыл Тудың иелері

—Бақша аралағанда, театр- киноларға барғанда, мереке күндері өз тіккен көйлектеріңді киіп жүргендерді көргенде еңбегіңнің сәтті шыққанына бір түрлі қуанасың,—дейді тігінші Кривушина.—Қазір еңбекшілердің талғауы зор. Егер көйлек сәнді болмай шықса «басқа адамға бермеген екенмін» деп заказ беруші де ренжиді. Мұндай ауыр сөзді естіп тұру тігіншіге де жеңіл емес. Ал, бұл сөздерді естімеу үшін «жеті рет өлшеп, бір рет піш» және сапалы етіп шығар.

Озат тігінші Т. Кривушинаның бұл сөзін «Бірінші май» артелі модель цехының барлық тігіншілерінің ауыздарынан естуге болады.

Модель цехының шағын және ұсыныс кітабын алып қарағаныңызда тек қана жазылған алғыстарды көресіз.

«Көңілдегідей болып, шебер, әсем тігілген киімді алу қандай жақсы. Біз бұл цехқа жазғы көйлек тігуге кездеме берген едік. Өте жақсы тігіліпті.

Цех мастерлері Кривушина, Пронина және киім пішуші Шишкановаға көп алғыс айтамыз» деп жазыпты киім тіктірушілер шағым және ұсыныс кітабына.

Цехта күндік тапсырмаларын орындамайтын тігіншілер жоқ. Комсомолецтер А. Тарасова, Т. Богукова, Т. Кривушина күндік тапсырмаларын 110— 120 проценттен орындап жүр. Сол сыяқты, кестелеу цехының мастерлері А. Давыдова, Н. Орлова, А. Жарченко, А. Ильина нормаларын үнемі асыра орындап келеді.

Мұнда қабырға газеті, жауынгерлік листоктар, көрсеткіш тақталары мезгілінде ілініп, жұмысшылардың күнбе- күн тапқан еңбек табысын көрсетіп отырады. Тігіншілер арасында социалистік жарыс, үгіт- бұқаралық жұмыстар да дұрыс жолға қойылған.

Үзіліс уақыттарында газет және журналдар оқылып, әңгіме, кеңестер өткізіліп тұрады. Таяу арада цех тігіншілері арасында Бүкілодақтық кәсіпшілер одағы XI съезінің материалдарын талқылау болды. Онда тігіншілер көтеріңкі міндеттемелер алды.

Олар май айының өндірістік тапсырмасын 132 процент орындап шықса, июнь айында айлық жоспардың орындалуын 140-150 процентке дейін жеткізуге міндеттенді.

Цехта спорт жұмысы да күннен -күнге жақсара түсуде. Мұндағы жастардың бәрі де спортпен шұғылданады. Жуырда болған цехаралық жарыста озат мастер Казачек биіктікке секіру мен жүгіруден артель бойынша бірінші орынға ие болды.

Цех тігіншілері жұмыстан бос уақыттарының көбін спорт алаңдарында өткізеді.

Еңбек тәртібінің дұрыс жолға қойылуы, социалистік жарыстың кең өріс алуы арқасында комсомолка Александра Пережегина басқарған модель цехы, артель бойынша социалистік жарыста озып шығып, Ауыспалы Қызыл Туды жеңіп алды.

—Біз цех коллективі, —деді А. Пережегина жолдас артель жыйналысында, —бұл қол жеткен табысқа қанағаттанып қана қоймаймыз. Еңбек өнімділігін арттыра түсуге, еңбекшілерге сапалы, әдемі киімдер тігу үшін күресеміз. Бұдан былайғы уақыттарда да бұл қарқыннан айырылмай, коллектив болып ұйымшылдықпен еңбек етеміз.

Цех бастығының сөздерін қызу қостаған тігіншілер, бұл уәделерін абройдмен орындап шығу үшін аянбай еңбек етуде.

**К. ЖАНОВ.**

## Байланысшылар серті

Барлық транспорт кәсіпорындары мен коллективтері сыяқты, Петропавлдың хабар беру және байланыс дистанциясының коллективі де теміржол транспорты қызметкерлері активінің Бүкілодақтық кеңесінің үндеуін бірауыздан асқан зор патриоттық сезіммен қарсы алды. Сөйтіп, олар үндеуге жауап ретінде күрделі, орта және ағымдағы жөндеу жұмыстарын мерзімінен бұрын орындау, байланыс құралдарын пайдалану көрсеткіштерін жақсарту, жұмысты ақаусыз істеу, теміржолшылардың пәтер үйлерін онан әрі радиоландыру және телефондандыру жөніндегі социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды.

Аға электр механигі Еднерал жолдастың басқаруындағы радио және автостоп цехының коллективі радио байланысы мен автостоптардың ақаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету арқылы поездардың график бойынша апатқа ұшырамастан жүріп тұруына үнемі қолқабыс тигізіп отыруға, сөйтіп, поездар жүрісінің хауіпсіздігін арттыруға міндеттенді. Сонымен бірге олар станция қызметкерлері мен станция арасындағы байланысты жақсарту үшін торапты радиоландыру жұмыстарын мерзімінен бұрын орындауға серт берді. Қазір олар бұл міндеттемелерін абройдмен орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Петропавл станциясындағы коммунист Захаренко жолдастың басқаруындағы радио торабы цехының коллективі күрделі жөндеу жұмыстарын мерзімінен төрт ай бұрын орындауға және теміржолшылардың 200 пәтер үйін радиоландыруға міндеттенді. Бұл социалистік міндеттемені дистанцияның барлық цехтарының коллективтері қызу қуаттады.

Социалистік жарыста алған міндеттемені орындау жолында қажырлылықпен еңбек ете отырып, радио торабы цехының коллективі қазірдің өзінде теміржолшылардың 50 пәтер үйін радиоландырды. Сол сыяқты, радио байланысын күрделі жөндеуден өткізу жөніндегі жұмыстардың 60 процентке жуығын қазірдің өзінде аяқтады.

Хабарландыру және байланыс дистанциясының партия, кәсіподақ ұйымдары социалистік жарыста алған міндеттемелердің іс жүзінде орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық күш-мүмкіншілікті осы мақсатқа жұмылдыруда.

**М. МҰХАМЕДРАҚЫМОВ,**
**2-хабарландыру және байланыс дистанциясының инженері.**

# Елімізге жоғары сапалы жүнді көп берейік

★ ★



Октябрь ауданының «Победа» колхозында қой қырқу ойдағыдай аяқталды. Колхоздың таңдаулы қырықтықшылары Е. Капустян, Қараша Жанғожина жолдастардың әрқайсысы сменасында 50 қойға дейін қырқып үлгерді.

СУРЕТТЕ: қырықтықшылар **Е. Капустян** және **Қ. Жанғожина** жолдастардың қой қырқып жатқан кезі. Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Фермамыз өсу жолында

Біздің фермада қазірдің өзінде 4500 қой бар. Бұл шопандарымыздың қой шаруашылығын өркендетуге сіңірген қажырлы еңбектерінің нәтижесі.

Ферма коллективі мал мамандарының күнбе-күнгі көметіне сүйене отырып, өткен қыста қойды күтіп бағу жұмысын едәуір жақсартты. Жемшөп қорын ұқыпты және белгіленген норма бойынша жұмсады. Мұның өзі қойлардың қоңдылығын төмендетпеуге жағдай жасады. Қойға құнарлы азықпен бірге минералдық заттар беру зоотехниктердің кеңесі бойынша жүргізілді. Саулық қойларды қоздату, қозыларды күту жұмыстары жақсы әзірлікпен өткізілді. Алынған қозылар шығынсыз өсірілді.

Шопандар қой санын көбейтумен бірге, оның өнімділігін арттыра беруге де ерекше назар аударып келеді. Жоғары сапалы биязы және жартылай биязы жүнді мол алу мақсатымен 1500 қой қыс бойына ерекше күтімге қойылды. Сол сыяқты, басқа қойлардың да жүн өнімін арттыра түсудің шаралары жүзеге асырылды. Ферма коллективі көктемде қой қырқуды ойдағыдай өткізуге барлық жағынан толық әзірленді. Біздің колхозды қамтыйтын Приишім МТС-і қой қырқу үшін электр агрегатын кезінде жіберді. Агрегат мүшелері қойды шапшаң қырқуға машина қуатын өнімді пайдаланудың тамаша үлгісін көрсетті. Мәселен, агрегаттағы ең шебер қырықтықшылар З. Рошкова, А. Сизинцева қырқу жұмысы аз уақыт ішінде, жоғары сапада өткізілді. Орта есеппен алғанда қырқылған әрбір қойдан 2 килограмға жуық жүн алынды. Ал, ерекше күтілген 1500 қойдан жүн бұдан едәуір артық қырқылды.

Қазір ферма коллективі барлық қойды 7 отарға бөліп бағуды ұйымдастырды. Шопандар қойларды жаюға жайылымдықтарды алдын ала жасалған жоспар бойынша пайдаланып келеді. Іс тәжрибелері мол А. Осипов, З. Свадкова жолдастар жас шопандарға қойды жазда бағудағы өздерінің тәжрибесін үйретіп, ақыл беріп отырады.

Біз қойды жазда күтіп бағуды жақсы ұйымдастырумен бірге, қой қыстатуға әзірліктің қамын да осы бастан ойластырудамыз. Быйылғы қой басының көбеюіне және алдағы уақытта алынатын қозылардың санының арта түсетіндігіне байланысты, қой қоралары мен қозы тұратын үйлердің жаңа құрылыстарын салу жоспарланған болатын. Бұл жоспар бойынша фермада быйыл жаз 800 қой сыятын екі қой қора, осы шамадағы қозы сыятын екі төл үйі жаңадан салынуға тиіс. Бұл құрылыстарға керекті материалдарды әзірлеу ісіне шопандар да белсенділікпен қатысып келеді.

Сол сыяқты ферма коллективі жемшөп қорын мол жасау жолындағы күреске де барынша белсенділікпен қатысатын болады. Сөйтіп, біз мал шаруашылығын онан әрі өркендетіп, оның өнімділігін арттыра

дасы да жұмыста жақсы нәтижеге ие болып келеді. Бригада 10 майға дейін көктемде тың жерлерді жырту жөніндегі жоспарды толық орындады. Калинин МТС рінен саналады.

**П. ЕРЕМЕНКО,**
**ҚЛКЖО Булаев аудандық комитетінің секретары.**

## СЪЕЗДЕН КЕЙІН

БЛКЖО-ның XII съезінен кейінгі жерде Безлесной жетіжылдық мектебі комсомол ұйымының жұмысы едәуір жақсарды. Ұйымда БЛКЖО мүшелерінен 6 адам бар. Олар мектеп өміріне белсене қатысады.

Мәселен, оқытушы комсомолецтер Н. А. Сутуло, А. С. Гопаненко, М. Н. Дудникова өздері сабақ беретін пәндерден оқушылардың толық үлгеруіне жетісті. Оқытушы А. С. Гопаненко мектепте аға пионер вожатый болып істейді. Оның басшылығымен пионер жыйындары, кітап оқушылар конференциясы, пионерлердің таңертеңгіліктері жақсы өтіп отырады.

Оқытушы Арғын Тілеужанов мектепте екі жыл жұмыс істейді. Осы уақыттың ішінде ол өзін жақсы тәрбиеші, белсенді комсомолец ретінде көрсете білді. Тілеужанов 6 кластың жетекшісі болып, оқушылардың туысқандарымен тығыз байланыс жасады. Туысқандар үшін педагогикалық тақырыптарда лекция оқып, әңгімелер өткізді. Жақында Тілеужанов жолдас бастауыш партия ұйымына СОКП мүшелігіне кандидаттыққа қабылдауын сұрап өтініш берді.

**В. ЛИЗУН,**
**Совет ауданы.**

## Машинистер білімдерін жетілдіруде

Петропавл темір жолындағы техникалық мектептің жанындағы паровоз машинистерінің білімдерін жетілдіру жөніндегі бір айлық курс өзінің жұмысын аяқтады. Курста 26 машинист оқып, білімдерін жетілдірді. Олар «Л» сериялы жаңа паровоздың құрылысымен және оның жұмыс принциптерімен, радио байланыстарымен және басқа да жабдықтарымен танысты.

Сол сияқты, олар еліміздің таңдаулы паровозшылары Середа, Галенков және басқаларының озат тәжрибелерін оқып үйренді.

Ауыр салмақты поездарды жүргізуші машинистер Панченко, Пахоменко және басқалары оқуды өте жақсы деген бағалармен аяқтады.

**Р. САҚЫПОВ.**

## МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН

Машинист Фефелев жолдас басқаратын бригада, Петропавл станциясындағы озат бригадалардың бірінен саналады. Бригада коллективі үнемі паровоздың қуатын өнімді пайдаланумен бірге, оның жүру шапшаңдығын арттыруда.

Машинистер Бүкілодақтық кәсіпшілер одағының XI съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, паровоздың қуатын бұрынғыдан да өнімді пайдаланып келеді. Олар жақында нормадан 600 тонна артық жүк тиелген ауыр салмақты поезды, Есілкөл станциясына мерзімінен 18 минут бұрын жеткізді.

**М. БЕКЕНОВ.**

ты. Ал, жас қырықтықшы комсомолка М. Сахарева жолдас күніне 30-35 қой қырқып, тапсырмасын толық және асыра орындауға жетісті. Агрегат жүннің сапалы, таза қырқылуын қамтамасыз етті.

Осылардың нәтижесінде фермада қой алға қойған маңызды міндеттерді жүзеге асыруға өз үлесімізді қоса береміз.

**А. НЕТИСОВ,**
**Приешім ауданы, Куйбышев атындағы колхоздың қой фермасының меңгерушісі.**

## Ұйымшылдықпен өткізді

Совет МТС -нің қамтуындағы колхоздар (Совет ауданы) қой қырқу, мемлекетке жүн тапсыру жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізді. Қой қырқатын электр агрегаттарының қырықтықшылары өзара социалистік жарысқа түсіп, алған міндеттемелерін абройымен орындау жолындағы күресте, машина қуатын өнімді пайдаланудың тамаша үлгісін көрсетті.

Әсересе, Ленин атындағы колхозда жұмыс істеген Галштейн жолдас басқарған агрегаттың қырықтықшылары жақсы көрсеткіштерге ие болды. Бұл агрегаттың озат қырықтықшылары Данилова, Бекішова жолдастар күн сайын 45—50 қой қырқуға жетісті. «Совет», «Еркіндік» колхоздарында қой қырыққан Шлегель жолдас басқаратын агрегат мүшелері де еңбекті өнімді істеді. Агрегаттағы қырықтықшылар Сәрсенова, Сыздықова жолдастар алған міндеттемелерін үнемі асыра орындап келді.

Электр агрегаттарының мүшелері жүнді бүлдірмей, таза қырқуға ерекше назар аударды. Осының нәтижесінде аталған колхоздар әрбір қойдан 1,7—2 килограмға дейін жүн қырықты. Жекелеген қойлардан 2,5—3 килограмм жоғары сортты биязы жүн алынды.

Қой қырқуды ұйымшылдықпен тез өткізуге колхоздардың шопандары да көмектесті. Олар қырықтықшыларға қырқылуға тиісті кезекті қойды әзірлеуді, қойлардың қырқу алдында лас жерге жатып, жүнін ластап тастамауын қадағалауды ойдағыдай атқарды.

Колхоз басшылары қырқып алынған жүнді өлшеп, есепке алысымен, күн бұрын әзірленіп қойған транспортпен оны дайындау орнына жөнелтуді ұйымдастырды. Көптеген колхоздардың мемлекетке тапсырған жүні жоғары сортпен қабылданды.

**С. ТЕМІРБАЕВ.**

# Еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесінің өсуі

Біздің Отанымыз Коммунистік партияның басшылығымен Совет өкметі жылдарында ұлы және даңқты жолдан өтті. Бұрын артта қалған ел, жоғары сатыда өркендеген өнеркәсібі, механикаландырылған коллективтік ірі ауыл шаруашылығы және алдыңғы қатарлы социалистік мәдениеті бар, қуатты социалистік державаға айналды. Қанаушы таптар жойылып, халық шаруашылығының барлық салаларында қоғамдық социалистік меншік орнауының нәтижесінде советтік қоғамның таптық құрылысы түбірінен өзгерді. Енді бізде тек екі бір-бірімен дос, жұмысшылар мен шаруалар табы ғана бар. Қанаушылықтан арылған, социалистік құрылыстың барысында идея жағынан өскен бұл таптар өзара дос, олар бір мақсатпен—коммунизм құру мақсатымен топтасқан. Коммунистік құрылысқа жұмысшылар және шаруалармен бірге, халық ортасынан шыққан және онымен түбірлі байланысы бар, совет интеллигенциясы да белсене қатысуда.

Социализм еңбекке көзқарасты өзгертті. Біздің социалистік елімізде еңбек құрметке, даңққа, айбындылық пен ерлікке бөлейтін іске айналды. Капитал елдерінде, еңбектің барлық жемісін капиталистер пайдаланады, осыған байланысты мұндағы еңбек еріксіз, құлдық еңбегі болып табылатыны бізге мәлім.

«ССРО еңбекшілері, — деп мәлімдеді жақында біздің елде болып кеткен Индияның кәсіподақ делегациясының мүшесі Суд хиндра Праманик, —жұмысты капиталистік топтың байлығы арта беруі үшін емес, өздерінің тұрмысын жақсарта беру үшін, өзінің социалистік Отанының қуатынығая беруі үшін істейді. Өздерінің қазіргі және алдағы өмірін өздері құруға тиіс екендігін олар айқын түсінеді. Бұл саналылықтың өскелең сезімі жұмысшылар табының мемлекеттік жоспарларды орындау және асыра орындау жолындағы күрестегі зор инициативасы мен талабының басты себебі болуда».

Советтік социалистік құрылыс біздің адамдарды жаңа моральдық сыйпатта тәрбиелеп шығарды. Ол: Отанымызға және коммунизм ісіне шексіз берілгендік, қоғамдық борышты жоғары санау, мемлекеттің, қоғамның мүддесі жеке мүддеден жоғары болуға тиіс екендігін терең түсіну. Еңбекшілердің творчестволық инициативасының қуатты өркендеуінің «құпиясы», совет халқының ұлы еңбек ерліктерінің «құпиясы» міне осында. Қазір бүкіл елімізде еңбек өнімділігінің жоғары көрсеткішіне жету жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістеуде. Оның тамаша ерекшелігі сол жұмысшылар еңбек өнімділігін арттырудың жаңа көздерін табуда. Олар еңбек өнімділігін күш- қуатты артық жұмсау арқылы емес, технологиялық процестерді жетілдіру есебінен, техниканы пайдалануды жақсарту есебінен арттыруда.

Ондай мыңдаған мысалдардың бірнешеуін келтірейік. Красноярск паровоз-вагон жөндеу заводының слесары Бедриш жолдас өздігінен жазып отыратын аппараты бар манометр конструкциясын жасады, бұл прессалық жұмыстарға бақылау жасауды едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Москваның «Динамо» заводының жұмысшысы Горшков жолдастың кейбір электр құралдарының конструкциясын жақсартуы бұйымдарды өңдеу технологиясын жеңілдетуге және қымбатқа түсетін материалдарды арзан материалдармен өзгертуге көмектесті. Соның нәтижесінде бұл участокте еңбек өнімділігі үш есе жоғарылады. Завод жылына 348 мың сом үнемдейді.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті еңбекшілердің мәдени- техникалық дәрежесін арттыру жөнінде, социализмнен коммунизмге бірте -бірте өтудің басты шарттарының бірі болып саналатын—барлық шаруаларды мәдениетті әрі білімді етудің тарихи міндетін жүзеге асыру жөнінде көлемді жұмыстар жүргізуде. Біздің елімізде жаппай міндетті жетіжылдық білім алу әлде қашан енгізілді. Қазір партияның XIX съезі қарарлары негізінде жаппай орта (онжылдық) білім алуға көшу жүзеге асырылуда.

Совет мемлекеті әрбір жұмысшының және әрбір шаруаның білім алуына барлық жағдайды туғызды. Біздің елімізде оқудың барлық түріне 57 миллионнан астам адам қамтылды. Ондаған миллион балалар бастауыш, жетіжылдық пен орта мектептерде және үш миллионан астам жас жігіттер мен қыздар жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқыйды. Мемлекеттік жұмысшылар дайындау системасы —Мемлекеттік еңбек резервтері дүние жүзінде бір ғана ССРО-да бар. Мемлекеттік еңбек резервтері 1940 жылдан бері өндірістің барлық салалары үшін жеті миллионға жуық маман жұмысшылар дайындап шығарды. Біз де кешкі және сырттан оқыйтын орта мектептердің, техникумдар мен жоғары оқу орындарының зор жүйесі құрылды. Олар жұмысшылар мен қызметшілерге өндірістен қол үзбей, орта және жоғары білім алуға мүмкіндік береді. Мәселен, тек РСФСР-дың жұмысшылар мен селолық жастар мектептерінде ғана өндірістен қол үзбей миллионға жуық жас жұмысшылар мен колхозшылар білім алуда.

Еңбекшілердің мәдени- техникалық дәрежесінің үздіксіз өсуін мына фактілер де дәлелдейді: Горькийдегі Молотов атындағы автомобиль заводында, Уралмашзаводта және көптеген басқа кәсіпорындарда әрбір екі жұмысшының бірі оқыйды. Таяудағы жылдарда әрбір жұмысшының орта білім алуын, ал әрбір мастердің орта техникалық білім алуын қамтамасыз ету міндетін алдарына қойған Купавинскі жұқашұға фабрикасы сияқты кәсіпорындар да бар. Москваның Сталин атындағы автозаводында жұмысшылардың 70 процентінде толық орта білім бар.

Еңбекшілердің мәдени- техникалық дәрежесін арттыруда мамандықты арттыру курстары, стахановтық тәжрибе мектептері, өндіріс новаторларының озат тәжрибесін таратудың түрлі формалары үлкен роль атқарады. Көмір өнеркәсібінде, мәселен, соңғы бес жылда барлық жұмысшылардың 60 процентінен астамы түрлі мектептер мен курстарда өздерінің мамандықтарын арттырды. Тек 1953 жыл ішінде ғана жеке -бригадалық оқу және курстық оқу жолымен жетіжарым миллион адам оқыды және өздерінің мамандықтарын жоғарылатты. Еліміздегі он мың техникалық кітапханалар жұмысшылардың техникалық оқуына көмектеседі.

Рационализаторлық және жаңалық табу жөніндегі ой- сананың бұрын- соңды болып көрмеген дәрежеде өркендеуі еңбекшілердің мәдени- техникалық дәрежесінің ерекше өскендігінің жарқын сыпаттамасы болып табылады. 1949 жылдан 1953 жылға дейін өнеркәсіпке 3.400.000 астам өнертапқыштық және рационализаторлық ұсыныстар енгізілді. Олар өндірісті түбірінен жетілдіруге бағытталды және мемлекетке орасан зор үнем берді.

Партия мен Совет Үкметі елімізде халық-ағарту ісін онан әрі өркендетуге, социалистік мәдениеттің жаңадан гүлденe беруін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Үстіміздегі жылы Мемлекеттік бюджет қаражаттарынан халық -ағарту мен мәдениеттің мұқтажына 67 миллиардтан астам қаржы бөлінді.

Бесінші бесжылдық жоспарда көрсетілген халықтың мәдени- дәрежесін онан әрі арттыру программасын жүзеге асыру тарихи міндетті —социализмнен коммунизмге бірте -бірте өтудің қажетті шарты болып саналатын қоғамның мәдени өсуін, оның барлық мүшелерінің дене және ой қабілеттерінің әртарапты дамуын қамтамасыз ету дәрежесіне жеткізу міндетін орындаудағы алға басқан зор қадам болып табылады.

**Г. ИГНАТЬЕВ.**

## ЖҮН МӨЛШЕРІ АРТА ТҮСУДЕ

Облысымыздың көптеген совхоздары қой шаруашылығының өнімділігін арттыруда бірқатар жұмыстар істеп, айтарлықтай табыстарға ие болуда. Мысалға Чистов совхозының коллективін алуға болады. Совхоз мал өсірушілері қойлардың жүнділігін молайту мақсатымен жыл бойы қажырлы еңбек етті. Олар мал қыстату маусымын үлгілі өткізіп, қойлардың қоңы төмендеуіне және түрлі індетпен ауруына жол берген жоқ. Қазір мұнда қой қырқу маусымы үлгілі жүргізіліп келеді. Совхозда электр агрегаты тоқтаусыз жұмыс істеп, еңбек өнімділігін күн санап арттыруда. Қырқылған әрбір қойдан орта есеппен 3,8 килограмнан жүн алынуда. Бұл совхоз коллективінің алған міндеттемесінен артық.

Осы сияқты, Қызыләскер, Шағлы совхоздарында да қой қырқу жұмысы ұйымшылдықпен өткізілуде. Шағлы совхозында 10 июньге дейін қой қырқу толық аяқталды. Әрбір қойдан орта есеппен 3,5 килограмдай жүн алынды. Совхоз дайындау орнына қазірдің өзінде 49 центнер биязы және жартылай биязы жүн тапсырды. Қиялы совхозында да қой қырқу аяқталып, мемлекетке 44 центнер сапалы жүн тапсырылды.

Облыс совхоздарын тұтас алғанда қой қырқу өткен жылғыдан быйыл ұйымдасқан түрде жүргізілуде. Совхоздарда 26 электр агрегаты үздіксіз жұмыс істеп, барлық совхоздарда қой қырқу механикаландырылды. 10 июньге дейін қырқылған әрбір қойдан 400 грамм жүн өткен жылғы мөлшерден артық алынды.

Совхоздардың коллективтері таяудағы 2-3 күннің ішінде қой қырқуды үлгілі аяқтау үшін еңбек өнімділігін арттыруда.

**С. СУТЮШЕВ,**
**Петропавл совхоздар тресінің бас зоотехнигі.**

## ЖҮНДІ МОЛ ҚЫРЫҚТЫ

Октябрь ауданындағы «Щит» колхозының шопандары қойды күтіп бағуды жақсарта отырып, одан жоғары сортты жүнді мол алу үшін аянбай еңбек етті. Көктемде қой қырқуға әзірлік жұмыстарын да ойдағыдай жүргізді. Сөйтіп, қой қырқуды жақсы ұйымдастырды. Бұл іске электр агрегатының қуаты өнімді пайдаланылды. Агрегаттағы қырқушы А. Рожкова, В. Лысенко жолдастар күн сайын 40-50 қой қырқып, алған міндеттемелерін абройымен орындады.

Қойдың күтімін жақсартып, өнімділігін молайтудың және қой қырқу жұмысын үлгілі ұйымдастырудың нәтижесінде колхоз әрбір қойдан 3 килограмнан жүн қырықты. Сөйтіп, әрбір қойдың жүн өнімділігін өткен жылғыдағыдан 1 килограмм арттыруға жетісті.

Колхоз басшылары жүнді қырқылған жерде дереу өлшеп, есепке алып, оны дереу мемлекеттік дайындау орнына жөнелтуді ұйымдастырды. Сөйтіп, көктемде қырқылған биязы және жартылай биязы жүнді дайындау орнына өткен жылғыдан анағұрлым мол тапсырды.

# ИНДО-ҚЫТАЙ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАУ ЖАЙЫНДА

## *ССРО Сыртқы істер министрі В. М. МОЛОТОВТЫҢ Женева кеңесінде 1954 жылғы 8 июньде жасаған мәлімдемесі*

Председатель мырза, делегат мырзалар!

Индо -Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру Женева кеңесінің маңызды міндеті болып табылады. Индо-Қытай халықтары өз үміттерін Женева кеңесімен байланыстырып, бұл кеңес Вьетнам, Лаос және Камбоджа халықтарының бейбітшілігін, хауіпсіздігін, бостандығын және бірлігін қамтамасыз ету ісіне өзінің үлесін қосады деп сенуде. Индо -Қытай халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына бүкіл дүние жүзіндегі халықтар тілектес болып отыр. Олардың ұлттық тәуелсіздік пен бостандық жолындағы күресі осы кеңес тарапынан танылуға тиіс. Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын неғұрлым тез тоқтатуға және онда баянды, сенімді бейбітшілік орнатуға көмектесу жөнінде Женева кеңесіне қатысушыларға жауапты міндет жүктеліп отыр.

Бірақ, осында көрініп отырғанындай, бұл кеңеске қатысушылардың бәрі бірдей өз міндеттерін біркелкі түсінбей отырғандығымен санаспауға болмайды. Мұның өзі бұл кеңесте, сонымен қатар Женева кеңесінің төңірегінде және сонымен бір мезгілде болып жатқан жағдайдан айқын көрінеді. Индо -Қытайда бейбітшілікті неғұрлым тез қалпына келтіруге кеңеске қатысушылардың бәрі бірдей мүдделі емес деген әсер туып отыр. Шынында да, Женева кеңесіне қатысуға, бірақ өзінің міндетін Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру деп ойламай, қайта Индо -Қытайдағы соғысты тоқтату туралы мәселе жөнінде келісудің мүмкін еместігін дәлелдеу деп ойлауға болады. Бірақ кімде- кім келісімге жетудің мүмкін еместігін дәлелдеуге тырысатын болса, олар Индо-Қытайдағы соғысты соза беру жолына әнгейін түсіп қана коймай, тіпті іс жүзінде соғысты барлық хауіпті зардаптарымен бірге онан әрі ұлғайтуды әзірлейді.

Кейбір үкметтердің Индо -Қытайда бейбітшілікті қалпына келтірудің орнына, ондағы соғысты онан әрі ұлғайтуды және бұл соғысқа қатысушылар санын көбейтуді әзірлеуге ниеттеніп отырғанын көрсететін фактілер бар. АҚШ мемлекеттік департаментінің ең жақын қатысы бар мұндай жоспарлармен біз санаспай отыра алмаймыз.

Америка Құрама Штаттарының басшылығымен, кейбір отаршыл державалар мен олардың ең жағымпаз итаршыларын қатыстыра отырып, «Оңтүстік -Шығыс Азияның» деп аталатын соғыс блогін құру төңірегінде әлі де жүргізіліп отырған әрекеттер сияқты фактілер мұны айқын көрсетеді. АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Австралияның және Жаңа Зеландияның қатысуымен Вашингтонда өткізіліп жатқан соғыс кеңесі де мұны айқын көрсетеді. Таиланд үкметінің Женева кеңесінде Индо- Қытай мәселесін реттеуге кедергі келтіруге тырысқан әрекетін де осындай фактілерге жатқызу керек, бұл әрекеттің өзі ашықтан -ашық шетелдік агрессияшыл топтардың нұсқауымен жасалып отыр. Хауіпсіздік Советінің жанында Индо- Қытай шекарасындағы жағдайды бақылау жөнінде комиссия құрылсын деген Таиландтың ұсынысы формальдық жағынан Біріккен Ұлттар Ұйымының, ал іс жүзінде Америка Құрама Штаттарының Индо -Қытайдың істеріне араласуына қандай да болса сылтау әзірлеудің күнілгері жасалған әрекеті болып табылады және ол Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтірудің нақты мәселелерімен шұғылданып отырған Женева кеңесіне деген сенімді әлсіретуге бағытталған.

Женева кеңесінде Индо- Қытай мәселесін бейбітшілікпен реттеу жөнінде кейбір жақсы нәтижелерге жету мүмкіндігі жайында жеке елдердің агрессияшыл топтарында хауіптенетіндік бар екендігімен біз санаспай отыра алмаймыз. Міне бұл жағдайда совет делегациясы Индо-Қытайда соғыс қыймылдарын тоқтатып, бейбітшілікті қалпына келтіру жөнінде осы кеңеске жүктелетін бүкіл жауапкершілікті атап көрсетуді қажет деп санайды.

Ал, Совет Одағына келетін болсақ, ол Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы мәселеге соғысты онан әрі жүргізу, тіпті мүмкін, онан әрі ұлғайту үшін қысқа мерзімді тыныс жасау деп қарамайды, қайта баянды бейбітшілік орнату мәселесі деп қарайды. Міне сондықтан да біз Женева кеңесінде соғыс мәселелерін, сондай-ақ саяси мәселелерді де, карауды қажет деп санаймыз.

### 1. Соғыс қыймылдарын тоқтату туралы мәселе жайында

Индо- Қытай мәселесін талқылауға кіріскен кезде, әуелі соғыс мәселелерінен бастауға, содан кейін Индо-Қытайдағы саяси жағдайды реттеу мәселелерін карауға көшуге келісілген болатын. Кәзір соңғы төрт апта бойы соғыс мәселелерін қараудың кейбір қорытындыларын шығаратын, сөйтіп, саяси жағдайды реттеу мәселелерін қарауды ендігі жерде кешеуілдетуге болмайтын уақыт жетті, оның үстіне мәселелердің бұл екі категориясының өзара тығыз байланысты екендігін кеңестегі талқылау дәлелдеп берді. Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтатуға бүлжытпай сақтауға тырыспайтын болса, онда қол қойылған келісімнің ойдағыдай нәтижелерге жеткізуін бұлардан басқа ешкім де қамтамасыз ете алмайды.

Индо- Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің шарттарын орындауға халықаралық бақылау қою қажет екендігі туралы мәселе мейлінше егжей- тегжейіне жете талқыланды. Мұндай халықаралық бақылауды жүзеге асыру үшін тиісті халықаралық беделді орган құру қажет екендігіне делегациялардың бәрі де келісті. Бұл мәселеге менің әлі тоқтап өтуіме тура келеді, айткені деле- [illegible]

демаркациялық соғыс шептерін анықтау туралы және демилитарландырылған аймақтар белгілеу туралы қаулыларды екі жақтың жүзеге асыруын бақылау;

аймақтарды реттеу үшін әскери бөлімдерді ауыстыру жұмыстарын бақылау;

екі жақтың соғыс тұтқындары мен уақытша ұсталған азаматтарды елдеріне қайтару жөніндегі жұмыстарын бақылау;

демилитарландырылған аймақтарда соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімді бұзу фактілерін аралас комиссияның немесе бұл комиссиядағы екі жақтың бірінің өтініші бойынша зерттеу және бұл бұзушылықтарды жою жайында екі жаққа ұсыныстар тапсыру.

Аралас комиссиялардың міндеті — соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің шарттарын орындау жөнінде жергілікті жерлерде нақты шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл шаралардың:

атыстың бір мезгілде және барлық жерде де тоқтатылуын қамтамасыз етуді бақылауға;

екі жақтың аймақтарын реттеу жоспарын орындауға және қарулы күштерін қайта топтастыруға;

екі жақтың әскери өкілдері арасында келіссөздер жүргізу жолымен, келісімнің шарттарын бұзушылыққа байланысты басқа мәселелерді шешуге қатысы болады.

Егер бұл комиссиялардың өз ішінде немесе олардың арасында белгілі бір мәселе жөнінде келісім болмаған реттерде қандай амал істеу керек деген сұрақ туады. Басқаша айтқанда, комиссияларда алауыздықтар бола қалған күнде шағым айтуға болатын орган кім болады. Егер белгілі мемлекеттер Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің орындалуына кепілдіктер беруге тиіс деген бұдан бұрынғы ұсынысқа сүйенетін болсақ, онда бұл сұраққа жауап беру қыйын емес. Мұның мәнісі —қажет болған жағдайда шағым айтуға болатын орган кепілдік беруші мемлекеттер болып табылады деген сөз. Бұларға тиісті келісімді бұзушылықты немесе мұндай бұзу хауіптерін жоюға бағытталған, тиісінше келісілген шаралар қолдану міндеті жүктеледі.

Индо -Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісім шарттарының орындалуын бақылау сыйпаты мен міндеттері туралы мәселенің онан әрі қарауды керек ететінін мойындамауға болмайды. Бірақ, біздің бәріміз де белгілі бір негізгі ережелерге келісетін болсақ, бұл маңызды мәселе жөнінде келісімге жетуде оншалық елеулі қыйыншылықтар тумайтын болады.

Индо- Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру проблемасын талқылаудың барысында: соғыс қыймылдарын тоқтату және уақытша бітім жасауға қажетті шарттар белгілеу туралы қарардың Индо- Қытайдың барлық үш мемлекетіне қатысы бо-

сондай-ақ Камбоджаның өкілдері бұл мәселе жөнінде басқа пікірге сүйеніп отыр. Бірақ шындығына келгенде, біздің арамызда қатысып отырған Бао Дай үкметінің өкілі де, мұндай сылтаулардың дәлелсіз екендігі айқын бола тұрса да, Вьетнамда ұлт- азаттық қозғалысы бар екендігін мойындамауға әзір отыр ғой. Мұндай мәлімдемелер істің ақыйқат жағдайын да, өз халқымен шын байланысты екенін де бейнелемейді, бұл мәлімдемелерде жұртшылыққа кеңінен мәлім болған фактілер ешбір дәлелсіз мойындалмай отыр деп толық дәлелмен айтуға болады.

Кеңеске қатысушылардың кейбіреулері Индо- Қытай мемлекеттерінің —Вьетнамның, Лаостың және Камбоджаның тәуелсіздігін орнату міндеті кәзірдің өзінде толық шешілді-міс, бұл елдердің ұлттық талаптары кәзірдің өзінде қанағаттандырылды-мыс деп бізді сендіруге тырысып бақты. Камбоджаның өкілі соның өзінде 1949 жылы және 1953 жылы Франциямен жасалған келісімдерді дәлелге келтірді. Осында Лаостың өкілі 1949 жылы Франциямен жасалған келісімді дәлелге келтірді. Ақырында, Бао Дай үкметінің өкілі жақында Франциямен жасалған келісімді дәлелге келтірді, бірақ бұл келісім әлі күнге қол қойылмаған күйінде қалып, сондықтан жарияланбай отыр. Бұл мәлімдемелердің бәрі сенім тудыра алмайды, өйткені олар Индо-Қытай мемлекеттерінің шын мәнісіндегі тәуелсіздігін қамтамасыз етпеді және қамтамасыз етпейді де. Міне мұндай жағдайда, Азияның бірде-бір дербес мемлекетінің, соның ішінде Индияның, Пакистанның, Индонезияның, Бирманың мұндай мәлімдемелерге неліктен елеулі мән бермей отырғандығы түсінікті болып шығады. Азия елдерінен Вьетнаммен де, Лаоспен де, Камбоджамен де дипломатиялық қатынастар орнатқысы келмей отырғандығын тек осымен ғана түсіндіруге болады. Ал мұның үстіне, мысалы, Индо-Қытайға едәуір көңіл бөлген Франция мен АҚШ-тың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің мәлімдемелерін мысалға келтіруге болар еді, бұл мәлімдемелерде Индо- Қытайдың барлық үш елінде ұлт-азаттық қозғалысының бар екендігі белгілі дәрежеде мойындалған және бұл мәлімдемелерде, сонымен бірге, Вьетнамның, Лаостың және Камбоджаның тәуелсіздігі Франция тарапынан, сайып келгенде, қамтамасыз етілуі қажет екендігіне назар аударылған.

Индо -Қытайда сегіз жылдан бері соғыс жүргізіліп келеді. Франция үкметінің тарапынан өзінің соғыс шараларының мақсаттарына жетуге көптеген әрекеттер жасалды. Бірақ бұл әрекеттерден нәтиже шықпады.

Вьетнам Демократиялық Республикасы құрылғаннан бері оның армиясын соғыспен талқандауға және отарлық тәртіптерді қалпына келтіру мақсатымен Вьетнам Демократиялық Республикасын тұншық-

*ФЕЛЬЕТОН*

## „АСАУҒА" ТҰСАУ БАР...

Мәжит көп жасаған кәрі емес, оның жасы 25-те ғана. Ал, оның институт бітіргенге дейінгі өмірбаянын да бір-екі ауыз сөзбен айтуға болады.

1936 жылы ол Петропавлдағы М. И. Калинин атындағы № 5 қазақ онжылдық мектебіне түсіп, 1946 жылы оны бітіріп шықты. Сол жылы Алматыдағы зоотехникалық- мал дәрігерлік институтқа түсті де 1951 жылы оның малдәрігерлік факультетін бітірген оған жаңа өмірдің есігі ашылды....

Бірақ, Мәжит Дүйсенбаевтың бұдан былайғы екі-үш жыл ішіндегі өмірбаянын қысқаша ғана айтып беру өте қыйын. Бұл аз ғана уақыттың ішінде Мәжит шегірткеше секіріп, бір орыннан екінші орынға ауыса берді, жүрген жерін бүйідеп бүлдіріп, бөрідей шулатты, мүлде азып, абройдан жұрдай болды.

Мәселе былай басталған- ды. Институтты бітірген ол Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы малдәрігерлік техникумында бірер жыл оқытушы болып істегеннен соң белгісіз бір себептермен Петропавлға келді.

Мұнда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына санитарлық- емдеу дәрігері болып орналасқан Мәжит қаладағы ауылшаруашылық техникумының оқытушысы Нұриләға өз жүрегін ақтарып, махаббат отына күйгендігін сездірді. Онсыз тұру ол үшін өліммен тең екендігін де ескертпей қалған жоқ.

Нұрилә оған сенді. Үйлену тойы да жасалды. «Некіне некелесеміз, бір-бірімізге сенбейміз бе, кейін-ақ некелесерміз» деген Мәжиттің сөзіне Нұрилә тағы да сенді. Арада бірнеше айлар өтті. Мәжит те бастапқыдан көп уақыт өтпей-ақ өзгеріп сала берді. Ақылынан адаса арақ ішуді әдетке айналдырды. Бір күні алқам-салқам болып, келесі күні шекесін ісіріп келіп жүрді. Үй ішінде де маза болмады. Ол келгенде ыдыс-аяқ, төсек-орын дегендер де дамыл таппады, бұрыштан- бұрышқа ұшты. Мәжит өзі де шаршап, үй ішіндегілерді де қалжыратып барып ұйықтайтын болды.

Жылға жеткен жоқ. Мәжит өндірістік еңбек тәртіптерін бұзғаны үшін қызметтен қуылды.

Бұдан соң Пресновка ауданына қызметке орналасқан ол мұнда да көп тұрақтай алмады. Тапсырылған қызметін атқара алмағаны үшін бұл орыннан да шығып қалды.

Институтты бітіргеніне екі жыл толмай- ақ, үш қызметтен қуылған Мәжит өткен жылдың күзінде орталық жылыту станциясының көмекші шаруашылығына барып орналасты.

—Өзің болсаң жүктісің, босанғаннан кейін көшіріп алармын. Әзірше қалада тұра тұрыңдар, —деп Мәжит Нұриләға үсті -үстіне «қамқорлық» хабарларды жолдап жатты. Арасында өзі де келіп-кетіп жүрді. Бірақ, ол үйіне келсе әдеттегі «өнерін» қайта бастады.

Бір күні Нұрилә оған: —Мәжит, мен сенің барлық сөзіңе сеніп едім. Сен ол үмітімді ақтамадың. Мен болсам, өзің көріп жүрсің, жүктімін. 70 жастағы әкем анау, інім болса оқуда. Бізге көмектесудің орнына, үйде бар ақшаны аласың да ішкілікке саласың, —деді.

—Әй, өзің не сөйлеп тұрсың. Әйел еркекке ақыл үйретпес болар. Ендігәрі мұндай сөзіңді маған естіртпе, —деп Мәжит дүрсе қоя берді.

Мәжиттің ерекше бір «қасиеті» қателігін мойындағыш -ақ. Бірақ, оның сөзінде береке болып көрген емес. Судай сапыратын көпірме өтірік сөздерін ешкімнен де аямайды ол. Сол көп өтірік сөздері мен суырып салма уәдесін облыстық комсомол комитетінде де айтты. «енді қайталанбайды, комсомолдық шын сөзіме сеніңіздер» деді ол. Осы сөздерін ол барлық жерлерде қайталаса да, кейінгі қызмет істеп жүрген жерінде ол бұрынғы қалпына қайта түсті. Өмірге жаңа келген жас нәресте Сапураны, сүйген жарын естен шығарып, азғындық жолға түсті. Совет жастарына жат қылықтарға бой ұрды. Сәбидің туғандығын қуанышпен хабарлаған жас ананың хатына «мен үшін ол сор» деген өлекселік жауап қайтарып, жас ана мен жазықсыз сәбиден безді.

. . . Екі көзі жылаумен қызарып, жақеттері сола түскен жас ана кішкентай сәбиін құшақтап отыр. Бұл ауылшаруашылық техникумының оқытушысы Нұрилә Игенбаева—Мәжит Дүйсенбаевтың зайыбы. Ол адамгершілік арды аяққа басып, жас өмірін қор еткен опасыз Мәжит сыяқты ар-ұяттан жұрдай болып, моральдық бейнеден айырылған адамның алдауына қапылыста түсіп қалғанына қатты өкінеді.

Мәжит Дүйсенбаев үш айдан бері жұмыссыз бос жүр. Социалистік семьяны бұзғандығы үшін оның осы күнгі «сүйген жары» А. Афанасьева да жұмыстан шығарылды.

Абройдан айырылып, азғындық жолға түскен мал дәрігері Мәжит Дүйсенбевтың кәзіргі кейпі осындай. «Тайып отыруды» кәсіп етіп, жас ана мен сәби баланы қорғансыз қалдырған бұл «асауға» тұсау салынар кез жеткен болар.

**К. ӘМІРЖАНОВ.**

## Жас талапкерлер

Кеш. Ұясына батып бара жатқан күннің қызыл арай сәулесі қаланы нұрға бөлеп тұр.

Бұл үлкен үйге таңертеңнен бері ағылған балғын жүзді балдырған балалар толқыны бір басылған жоқ. Ал, кешке қарай оған үлкендер де келе бастады. Енді

тіжылдық теориялық білім алады. Оларға мектеп мұғалімдері музыка пәнінен сабақ беруде творчестволық еңбек етіп, айтарлықтай табысқа жетуде, оқушыларға терең тыянақты білім беріп, оларды жан-жақты, ой-өрісі кең, дарынды, өнерпаз етіп өсіруде. Мектепті жыл сайын

Республикасының делегациясы тарапынан, сондай-ақ Францияның делегациясы тарапынан да жасалды. Талкылаудың барысында Қытай Халық Республикасының делегациясы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің негізгі принциптері жайында өз ұсыныстарын енгізді. Бұл ұсыныстарды талқылау бірқатар мәселелер жөнінде де кеңеске катысушылардың көзқарасы бір- біріне жақындай бастағанын көрсетті.

Мұндай мәселелерге, ең алдымен, соғысушы жақтардың барлық қарулы күштерінің бүкіл Индо- Қытай территориясында соғыс қыймылдарын бір мезгілде тоқтату қажеттігі туралы мәселе жатады. Бұған байланысты кеңесте кейбір ескертпелер жасала тұрса да дегенмен, біздің бұл мәселе жөнінде келісімге жеткеніміз жұртқа мәлім.

Индо-Қытайдағы соғыс жағдайының өте күрделі болуы себепті, соғыс қыймылдарын тоқтату екі жақтың да әскерлерін орналастыратын аймақтар туралы мәселені реттеуді талап етеді. Бұл мәселені тек екі жақтың арасында тікелей келіссөздер жүргізу жолымен ғана шешуге болады. 29 майда қабылданған кеңестің қарарына сәйкес, екі жақтың әскери өкілдері арасында байланыс орнатылды. Бұл байланыс Женеваның өзінде орнатылып отыр. Сонымен қатар Индо- Қытайда, жергілікті жердің өзінде тиісті байланыс орнату қажет деп танылды. Екі жақтың әскерлері орналасатын аймақтар және олардың тиісті жерлерге орналастырылуы туралы мәселе қарала бастады, мұның өзі Индо- Қытай мәселесін реттеу ісінде маңызды қадам басқандық болып табылады.

Дискуссияның барысында және былай деп келісілді: Женева кеңесіне қатысушылардың бәрі Индо-Қытайда соғыс қыймылдарын тоқтатумен бірге Индо- Қытайға сырттан барлық түрдегі жаңа әскерлер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ алуан түрлі қару -жарақ пен ұрыс жабдықтарын жеткізуге жол бермеу жайында Вьетнам Демократиялық Республикасының ұсынысымен принцип жағынан келіседі. Бұл түсінікті де, өйткені Индо- Қытайға сырттан әскерлер, қару- жарақ пен ұрыс жабдықтарын әкелуге жол бермеуге қамқорлық жасамаған күнде, соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің қандайын болса да бір жапырақ қағазға айналдыруға болады. Бұлай болмаған күнде соғыс қыймылдарын тоқтатудың күштер жыйнақтау және соғысты, мүмкін, бұрынғыдан да зор көлемде қайта бастау үшін қысқа мерзімді үзіліс ретінде пайдаланылуы ықтыймал.

Соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің шарттарын орындауды бақылау жөнінде екі жақтың өкілдерінен аралас комиссиялар құру жайындағы ұсыныс та кеңеске қатысушылардың күмәндануын тудырған жоқ. Мұндай комиссиялардың зор маңызы мынаның өзінен- ақ туады: жоғарыда көрсетілген келісімді орындаудың басты жауапкершілігі тікелей мүдделі жақтардың өздеріне жүктелуге тиіс, ал егер бұл екі жақ қол жеткен келісімді рында елеулі алшақтықтар болып отыр.

Женева кеңесіне қатысушылар Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің орындалуына кепілдіктер беру жайында өздеріне міндеттеме алатын болсын деген Францияның ұсынысына да совет делегациясының дұрыс қарағандығы жұртқа мәлім. Бұл мәселенің барлық жағы бірдей жеткілікті қаралмағанымен, басқа делегациялар да кепілдіктер беру қажет екенін жақтаған пікір айтты.

Бірақ, делегациялар арасында алшақтық тудырып отырған мәселелер бар.

Бұл қандай мәселелер?

Ең алдымен, келісімнің орындалуын халықаралық бақылау туралы мәселеге тоқтап өту қажет.

Жұртқа мәлім, Совет Одағы бейтарап елдердің бақылау жөніндегі комиссиясының құрамын Индия, Польша, Чехословакия және Пакистан өкілдерінен құруды ұсынды. Бұл елдердің екеуі—Индия мен Пакистан екі жақтың бірімен, атап айтқанда —Франциямен дипломатиялық қатынастар жасап отыр, ал, басқа екі ел—Польша мен Чехословакия екінші жақпен —Вьетнам Демократиялық Республикасымен дипломатиялық қатынастар жасап отыр. Совет делегациясы халықаралық комиссияның жоғарыда көрсетілген құрамының қажетті беделі болған болар еді және ол осы халықаралық органның жұмысында сыңаржақтық және екі жақтың біріне тура қарамаушылық болмауын қамтамасыз еткен болар еді деп ойлайды. Бұл істе идеологиялық пікірлер бойынша бейтараптық позицияларда тұра алмайдымыс дейтін Польша мен Чехословакия сыяқты елдердің бұл комиссияға қатысуына қарсылық білдірудің ешқандай негізді дәлелі жоқ. Мұндай қарсылықты дәл сондай дәрежеде капиталистік елдерге де қарсы қоюға болады. Жоғарыда көрсетілген сылтаудың —екі ұшы да сүйір таяқ екендігі осында ашықтанашық ұмытылып отыр, бұл жайында толық айтып жатудың қажеті жоқ сыяқты. Кореядағы уақытша бітім туралы келісім бойынша да Польша мен Чехословакия өкілдерінің қатысуымен бейтарап елдер комиссиясының құрылғанын да ұмытуға болмайды. Корея жөніндегі жоғарыда айтылған комиссияны кемсітудің қазіргі әрекеттері мүлде дәлелсіз және оған маңызды мәселе жөнінде келісімге жетуге кедергі жасау әрекеті деп қана қарауға болады.

Бақылау жөніндегі халықаралық комиссияның, сондай-ақ екі жақтың өкілдерінен құрылатын аралас комиссиялардың міндеттері мен қызметтері жайында да әлі ойдағыдай келісім болмай отыр. Бұл комиссиялардың арасындағы өзара қатынастар бұлардың қызметтеріндегі айырмашылыққа қарап белгіленуге тиіс.

Бейтарап мемлекеттер комиссиясының басты міндеті мыналар болып табылады:

Индо- Қытайға барлық түрдегі әскерлер мен қызметшілердің, сондай-ақ алуан түрлі қару -жарақ пен ұрыс жабдықтарының жеткізілуіне жол бермеуді қамтамасыз ету;

өзінде кеңеске қатысушылар арасында алшақтықтар бар екендігі байқалды. Совет делегациясы біздің алдымызда, Берлин мазмұндамасында көрсетілгеніндей, бүкіл Индо -Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру міндеті тұр деген қағыйдаға сүйеніп отыр.

Соның өзінде Индо- Қытайдың барлық үш мемлекетінде —Вьетнамда, Камбоджада және Лаоста —оқыйғалардың негізгі себептерінің біртектес екендігін естен шығаруға болмайды. Индо-Қытайда кең өріс алған оқыйғалар Вьетнамда, сондай-ақ Лаос пен Камбоджада шетелдік отарлық үстемдікке қарсы ұлт- азаттық күресі жүргізіліп отырғанын көрсетеді. Бұл күреске белгілі бір қарулы күштер ғана емес, сонымен бірге халықтардың өздері де қатысуда. Міне Индо- Қытайдағы халық-азаттық қозғалысының көлемі мен күшін тек осымен ғана түсіндіруге болады.

Әрине, Индо- Қытайдың жеке мемлекеттерінің ұлт- азаттық қозғалысындағы айырмашылықтарды да көрмеуге болмайды.

Мысалы, Вьетнамда елдің территориясының төрттен үш бөлегі Бао Дай үкметінің ресми өкмет орындарының бақылауында емес. Вьетнамның солтүстігінде, сондай-ақ бұл елдің орталығында және оңтүстігінде орасан үлкен территорияны Вьетнам Демократиялық Республикасының үкмет органдарының басқарып отырғаны жұртқа мәлім. Лаосқа келетін болсақ, мұнда да елдің территориясының жартысына жуығы ресми үкмет органдарының бақылауында емес. Камбоджада ресми өкмет орындарының бақылауына жатпайтын территорияның көлемі Индо- Қытайдың басқа аудандарындағыдан кем, бірақ мұнда да ұлт- азаттық күресі өрістетілуде. Сондықтан Лаоста, сондай-ақ Камбоджада ұлт-азаттық күресі болып отырғанын мойындамау және мұнда болып жатқан оқыйғаларды қайдағы бір сыртқы факторлардың ықпалы, мысалы, Вьетнам қарулы күштерінің араласуы деп түсіндіру дұрыс болмас еді. Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы мұндай сылтауды мейлінше көз жеткізе әшкерелеп берді.

Осында қатысып отырған Лаостың

тарын аса көп құрбандыққа ұшыратты. Мұнымен бірге, Индо- Қытайдағы соғыс француз халқын да адамның өмірі мен материалдық жағынан ауыр құрбандықтарға ұшыратты.

Вьетнам Демократиялық Республикасына тұтқыйылдан шабуыл жасау нәтижесінде қол жеткен алғашқы табыстардан кейін француз экспедициялық корпусы жылдан жылға жеңілістерге ұшырай бастады, тіпті американ қару- жарағының барлық түрлерінің: танкттердің, самолеттердің, ұрыс жабдықтарының, сондай-ақ басқа соғыс жабдықтары мен материалдарының соңғы жылдарда үсті- үстіне еселеген көп мөлшерде берілгеніне қарамастан жеңіліске ұшырай бастады. Осында Индо- Қытайдағы француз экспедициялық корпусының шығындары туралы кейбір мәліметтерді келтіру орынды болады, бұл мәліметтер Францияның ұлттық жыйналысында сөйленген сөздерден жалпы жұртқа мәлім болды. Бұл шығын өлгендері мен жаралыларын қосқанда 100 мың адамнан едәуір асып отыр, соның өзінде бұл шығын барған сайын арта түсуде. Франция Индо- Қытайдағы соғысқа 2.000 миллиард франктен аса қаржы жұмсаған. Американдық «Ридерс дайджест» журналында 1954 жылғы майда жарияланған мәліметтер бойынша, «Франция Америка Құрама Штаттарынан экономикалық және соғыс көмектері ретінде қанша қаржы алған болса, сегіз жылдық соғысқа сондай мөлшерде дерлік қаржы жұмсаған».

Тіпті жақында ғана генерал Наваррдың жоспары мадақталып келді, бұл жоспар жайында АҚШ мемлекеттік секретары өткен жылы былай деді: «Индо-Қытайдағы соғыс алдағы жылдың ішінде», яғни 1954 жылдың ішінде «ойдағыдай аяқталады». Мемлекеттік департамент өкілінің осы жылғы февральда жасалған басқа бір мәлімдемесінде былай делінген: «Біз генерал Наваррдың жоспарына қол қоямыз және оның табысқа жеткізетіндігіне сенеміз». Мұндай жоспарлардың табысқа жеткізу жайындағы үміттермен қош айтысу үшін көп уақыт керек болған жоқ. Бұл фактіні сабақ аларлық факті деп мойындамауға болмайды.

## 2. Индо-Қытайдың саяси проблемалары туралы

Менің Индо- Қытайдағы соғыс оқыйғаларына, сонымен қатар бұл оқыйғалардың зардаптарына тоқтап өтуіме тура келді. Бірақ Индо -Қытайда бейбітшілікті қалпына келтірудің тек соғыс мәселелеріне ғана тірелмейтіндігін мойындау керек.

Индо- Қытайда баянды бейбітшілік орнату міндетінің саяси мәселелерді реттеуді талап ететіндігі мүлде айқын. Совет делегациясы Вьетнам Демократиялық Республикасының кеңестің қарауына енгізген ұсыныстарын қолдаған сөздерінде бұған сан рет назар аударған болатын.

Соның өзінде негізгі екі проблеманың ерекше зор маңызы бар. Бірінші проблеманың Франция мен Индо-Қытай мемлекеттері арасындағы өзара қатынастармен байланысы бар. Ал екінші проблеманың Индо- Қытай мемлекеттеріндегі ішкі саяси жағдайына қатысы бар.

Совет делегациясы былай деп санайды: осында Франциямен өзара қарым-қатынас туралы мәселе жөнінде баяндалған Вьетнам Демократиялық Республикасының позициясы, егер Францияның өзі де проблеманы реттеуге ұмтылған күнде ғана, бұл проблеманы мүдделі жақтар арасында достықпен реттеуге қажетті жағдайлар тудырады.

(Соңы 4-бетте).

оқушыларының оқу жылының біткен күніне арналған концертті тыңдауға келгендер еді.

Концерттің бірінші бөлімін мектеп жасына дейінгі балалар бастады. Олар композитор Ковалевскийдің «Төменгі класпен сөйлесу» деген әнін орындады.

Кейде баяулап, кейде аспандаған асқақ күй құлақтан кіріп, бойды алуда. Кең залдағы 300-ге таяу көрушілер концертті қызыға тыңдауда.

—Музыкасы Чайковскийдікі. «Аққу көлі» балетінен «кішкентай аққулардың биі», орындайтын мектеп жасына дейінгі Ольга Ермолина. —деді концертті басқарушы әйел жарқын жүзбен тыңдаушыларға қарап. Нәзік келген кішкентай қыз орындыққа отырып, әдемі нәзік саусақтарымен фортепианода ойнай бастады. Ол аққулардың биін шебер орындады. Залдағы тыңдаушылар жас талапкердің нотасыз жатқа ойнағанына қатты сүйсінді. Сол сыяқты, екінші класс оқушылары Тамара Калиматова мен Мусин домбырада «Адай», «Балбырауын» күйлерін тамаша орындады.

—Келесі номерімізде үшінші класс оқушысы Коля Моханьков «Кубань казактары» кинофильмінен би орындайды. Коляның ырғағына келтіріп, шебер орындаған биіне де көпшілік ықласты ризалық білдірді.

Концерттің бірінші бөлімі аяқталды Ал, концерттің екінші бөлімі төртінші класс оқушысы ағайынды Зотовтар мен Паповтың композитор Хачатурянның «Достық вальсін» орындауымен басталды. Концертте орыс классиктерінің шығармаларын орындауда VI класс оқушысы Аля Нұрғалиева, мектеп бітірушілер Ала Усаневич, Гнэсса Зинина, Эльвира Сщетчикова өз шеберліктерін көрсетті.

Музыка мектебі 1945 жылы ашылған. Мұнда баян, фортепиано, скрипка, домбыра кластарынан музыка бойынша жеті жылды бітіргендердің ішінде Ольга Бушкова, Лида Кулик, Александр Баукин музыкалық білімдерін онан әрі тереңдете түсу үшін Свердлов, Омск, Саратов қалаларындағы музыкалық училищеге оқуға түсті. Быйылғы жылы бұл мектепті 8 оқушы бітіріп шықты.

Міне, мектепті үздік бітіріп шыққан Гнэсса Зинина, Ала Усаневич, Эльвира Сщетчиковалар емтиханды тапсырып болған соң қайда баратындығы туралы әңгімелесіп тұр.

—Біз, — дейді Ала мен Гнэсса, — музыка училищесіне барып түсеміз.

Ал, Эльвира құрбыларының пікірлеріне ақырын ғана жымыйып, үнсіз құлақ салып келеді. Оның да көптен көксеген арманы бар-ды. Сол арманы, міне, іске асуға таяу. Ол да музыка училищесінде оқыйды. Эльвира бұл мақсатын бұрын да айтып жүретін. Бір кезде ол өз мамандықтарын мақтасып келе жатқан достарының ойына қосылатындай шырай білдіре:

—Құрбылар, деп көзін алысқа қадай, аса бір сеніммен шешіле сөйлеп кетті.— Бәрімізде бір арман бар. Меңгере білсең, өмірге қолдана білсең мамандықтың бәрі жақсы. Ал, бәрімізде бір мақсат бір. Біз сол туралы сөз етейік. Ол мақсат осындай совет жастарының ойлаған ойына қолды еркін жеткізген партияға, Отанға деген ардақты борышымызды абройымен орындау үшін саналы, білімді, мәдениетті адам болу...

Бақыттылық нышандары бет жүздерінен айқын көрінген олардың қазіргі көріністері совет балаларының сәулетті болашағы мен шаттықты тұрмысын айқын аңғартқандай еді. Ал, бұл балалар алдарына игі тілекті мақсат еткен жас талапкерлер болатын.

Г. КӨРПЕШОВА.

## Спорт жарыстағы

Ауыр атлеттердің қала бойынша бірінші орын алу үшін жарысы өткізілді. Оған бес ерікті спорт қоғамынан 17 штангашы қатысты. Жеңіл салмақты Семенов қала чемпионы атағын жеңіп алды. Оның көрсеткіші спорттың екінші разрядтық көрсеткішінен жоғары.

Жартылай жеңіл салмақтылар арасында Зайцев, жартылай орта және орта салмақтылар арасында Дубровский мен Тасоев бірінші орынға шықты. Ал, жартылай ауыр салмақты Кращенников қала чемпионы болды.

Командалық бірінші орынды «Спартак» ерікті спорт қоғамының штангашылары жеңіп алды. Жарыс қорытындысында екі спортшы екінші разряд нормасын, 7 спортшы үшінші разряд нормасын орындады.

* * *

Спортшы- велосипедшілердің де жарысы өткізілді. Әйелдердің 25 километрлік қашықтықта өткізілген жарысында Богданова тамаша табысқа жетті. Ол бұл қашықтықты 53 минут 56 секундта жүріп өтті.

Ерлер 50 километрлік қашықтыққа жарысты. Оған 13 спортшы қатысты. Бұл қашықтықты 1 сағат 45 минут 8 секундте жүріп өткен Портье, қала чемпионы атағына ие болды. Динамолық Переушин екінші орынға, Дүйсенбинов үшінші орынға шықты.

Бұл жарыс қалада әлі де болса велосипед спортының кең өріс алып, дамый алмай отырғандығын көрсетті. Жарысқа қатысушылардың көпшілігінің көрсеткіштері өте төмен дәрежеде болды. Ал, «Буревестник» командасының спортшылары Ариндоренко мен Воротов бұл қашықтықты 3 сағат ішінде жүріп өтті.

* * *

Баскетбол бойынша әйелдер командасы арасында өткізілген облыстық жарыс та аяқталды. «Пищевик» командасының баскетболшылары жарысты жеңіліссіз аяқтап бірінші орынға шықты.

# В. М. МОЛОТОВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІНІҢ СОҢЫ

(Басы 3-бетте)

Біз осында Вьетнамның және басқа Индо- Қытай мемлекеттерінің суверенитеті мен ұлттық мүдделерін ойдағыдай қамтамасыз ете отырып, олардың тәуелсіздігін мойындауға Франция әзірлік білдіреді деген мәлімдемелерді естідік. Екінші жағынан, Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің, еріктілік принципіне сәйкес, Вьетнам Демократиялық Республикасының Француз одағына кіруі туралы мәселе қарауға әзірлік білдіргенін біз білеміз. Екі жақ ұлттық бостандық пен тәуелсіздік принциптерін мойындау негізінде өзара қарым- қатынас туралы мәселені реттеуге болатындығын мәлімдеп отырғандықтан, бұл мәселені шешу жеңуге болмайтындай кедергілерге кездесуге тиіс емес сияқты еді.

Осында Камбоджа королі мен Лаос королінің ресми өкілдері бұл мемлекеттердің тәуелсіздігі туралы мәселе тіпті 1949 жылдың өзінде-ақ толық реттелді-міс деген мәлімдемелер жасады. Бао Дай үкметінің өкілі, өз тарапынан, ешкім қол қоймаған, сірә, сол күйінде өзінің қалтасында сақтала беретін текстi сылтау етіп, одан цитата келтірді. Бұл мәлімдемелердің ешкімді де нандырмайтындығы бұдан бұрын айтылды. Бұл мәлімдемелерге барлық жерде де сенім болмай отыр деп айтуға болады.

Міне, мысалы, АҚШ өкілдер палатасының арнаулы миссиясының Пакистанға, Индияға, Таиландқа және Индо- Қытайға Индо- Қытайдағы жағдай туралы мәселе жөнінде барған сапары жайындағы 1953 жылғы 12 майдағы баяндамасында былай делінген.

«Францияның тәуелсіздік беретін ниетіміз бар деген мәлімдемелеріне қарамастан, көптеген индо- қытайлықтар былай деп отыр: өз үкметін анағұрлым күшті қолдауға батылы бармай, толқып отырғандығының себебі сол, қазіргі жағдайда халық өз басшыларына да, Францияның шын мәнісінде тәуелсіздік беруге әзір екендігіне де жеткілікті дәрежеде сенбейді...».

Бұл мәлімдеме өткен жылдың көктемінде жасалған болатын.

АҚШ өкілдер палатасының арнаулы миссиясының 1954 жылғы 29 январьдағы басқа бір баяндамасында да Оңтүстік-Шығыс Азияның елдерін аралаған сапардың нәтижелері жөнінде Индо-Қытай мемлекеттерінің «саяси тәуелсіздігі» жоқ екендігіне тағы да назар аударылған.

Американ миссияларының өткен жылға, сондай-ақ биылғы жылға да қатысы бар бұл мәлімдемелеріне көңіл бөлуге болады, өйткені олар, іс жүзінде Индо- Қытайдағы халықтық -азаттық қозғалысына дұшпандық рухта қарап отырса да, фактілерді растап отыр.

Бірақ Индо- Қытайдағы жағдайға қатысы бар қарапайым және жалпыға мәлім фактілердің маңызы бұдан анағұрлым зор. Диен- Биен -Фудың қорғанысы көбіне-публикасын барған сайын белсене қолдап, мүлде басқа жолмен алға басып отырғанын көрсетпей ме екен.

Міне мұндай жағдайда Индо-Қытайдағы отарлық соғысты онан әрі жүргізе беру деген не болмақшы? Бұл Францияның және Индо- Қытай халықтарының арасындағы қайшылықтарды онан әрі тереңдете түскеннен басқа ешнәрсені көрсетпейді. Ал оның бержағында, Вьетнам демократиялық республикасы үкметінің мәлімдемелері сондай-ақ Франция үкметінің мәлімдемелері, Франция мен Вьетнам арасындағы, сонымен қатар Франция мен басқа Индо-Қытай мемлекеттері арасындағы қарым- қатынастарды реттеу үшін ымыраға келісуге болатындығын көрсетеді. Егер Францияның үкметі Индо-Қытай мемлекеттерінің тәуелсіздігін орнатуға шын ниетімен ұмтылып отырған болса, онда қазіргі жағдайда Индо-Қытайдағы соғысты онан әрі жүргізе беруге ешқандай негіз жоқ, өйткені бұл қарым -қатынастарды достықпен реттеуге маңызды жағдай тудырылып отыр. Бұл реттеу қазір екі жақ үшін де құрметті шарттар негізінде мүмкін болып отыр. Ең болмағанда, Индо- Қытайдағы соғысты онан әрі жүргізе беру Францияның ұлттық мүдделерінен туып отыр деп ешкім де дәлелдей алмайды. Мұның керісінше, бұл мәселе жөнінде Вьетнам халқының шын мәнісіндегі өкілдерімен келіссөздер жүргізуден бас тарту немесе жалтару, біздің сенуімізше, Францияның ұлттық мүдделеріне қайшы келеді.

Вьетнамдағы және басқа Индо-Қытай мемлекеттеріндегі ішкі саяси жағдайды реттеудің де зор маңызы бар.

Біз осында Бао Дай өкілінің Вьетнамдағы ішкі саяси жағдайды реттеу туралы мәселе жөніндегі талабын тыңдадық. Бао Дай үкметі де Вьетнам территориясында еркін сайлау өткізу туралы айтып отырған көрінеді. Бірақ оның ұсыныстары бойынша, Вьетнамда мұндай сайлауды Бао Дайдың қазіргі өкметін қолдауды қамтамасыз ететін болғанда ғана және дәл сондай кезде ғана өткізу керек, ал оның өкметінің мүлде беделсіз екендігі жалпы жұртқа мәлім факты болып табылады. Ал шынында мұндай өкметке жалпыға бірдей сайлаудың керегі жоқ. Сайлау ол үшін хауіпті. Мұндай өкмет халыққа сүйенбей, қайта шетелдік әскерлердің күшіне сүйенеді.

Міне бұған байланысты Э. Даладье сияқты беделді француз қайраткерінің Француз ұлттық жиналысында 1954 жылғы 5 марттағы Бао Дай үкметі туралы не айқанын еске салу артық болмайды.

«Бұл үкметке халық сенбейді. Бұл үкметтің, мысалы, 250 мыңнан 300 мыңға дейін халқы бар Гуэ сияқты ауданда тек ойыншық деуге болатын муниципалитет және провинциялық сайлаулар өткізуге батылы барғандығының өзі де мұны дәлелдейді. 7—8 мың адамға ғана дауыс беру правосы берілген, бұлардың өздері де мәртебелі Бао Дайдың кандидаттарына отырған талап бар екенін көрсетпейді. Бірақ жалпыға бірдей еркін сайлау негізінде бүкіл Вьетнам үшін біртұтас демократиялық үкмет құруды қамтамасыз ету мақсатымен таяудағы уақытта еркін сайлау өткізу жөніндегі Вьетнам халқының талабына жауап беруден Женева кеңесі жалтармауға тиіс. Женева кеңесі бұл мәселе жөнінде үндемей отыра алмайды. Бірақ, мұның ең алдымен Франция үкметіне қатысы бар, ол Вьетнамдағы және Индо-Қытайдың басқа мемлекеттеріндегі еркін сайлауға өзінің көзқарасын мәлімдеуге тиіс.

Әрине, еркін сайлау өткізу белгілі шарттардың сақталуын талап етеді. Бұл істі Вьетнам халқы өз қолына алып, жалпыға бірдей еркін сайлау әзірлеген және өткізген кезде патриоттық партиялардың, топтардың және қоғам ұйымдарының еркін жұмыс істеуін қамтамасыз ететін болуы керек. Мұның өзі Вьетнамның бірлігін қалпына келтіруге ең қолайлы және шын мәнісінде сенімді жол ашқан болар еді. Индо- Қытайдың басқа мемлекеттерінде де тиісті шаралар жүргізу қажет. Еркін сайлау өткізуден бұрын барлық шетелдік әскерлер Индо-Қытай мемлекеттерінің территориясынан әкетілуге тиіс, мұның өзі, әрине, кеңесте талқыланып отырған соғыс мәселелерін ойдағыдай реттеуді талап етеді.

* * *

Совет делегациясы Индо- Қытайдың барлық үш мемлекеті жөнінде шешілуін талап етіп отырған негізгі саяси мәселелер туралы еске салуды қажет деп санады. Бұған, ең алдымен, Индо-Қытай халықтарының ұлттық тәуелдіздік принциптерін шын мәнісінде мойындау негізінде Франция мен Индо-Қытайдың үш мемлекеті арасында жаңа қарым- қатынастар орнату туралы мәселе жатады. Бұған сонымен қатар Вьетнамда және басқа Индо-Қытай мемлекеттерінде еркін сайлау өткізу туралы мәселе де жатады, бұл сайлау осы мемлекеттердің бірлігін неғұрлым тез қалпына келтіруді және беделді демократиялық үкметтер құруды жүзеге асыруға мүмкіндік берген болар еді. Егер Индо-Қытайда баянды, сенімді бейбітшілікті қалпына келтіруді қамтамасыз еткіміз келетін болса, біз бұл мәселелерді шешу ісін бір жаққа серпіп тастай алмаймыз.

Қазір Женевада соғысқа байланысты мәселелер жөнінде екі жақтың арасында тікелей байланыс жасалып отыр. Енді мұндай байланысты, жуырда мұны біздің бәріміздің де мойындағанымыздай, жергілікті жердің өзінде, Индо- Қытайда да жүзеге асыру қажет. Осы тікелей жүргізілген келіс сөздердің нәтижелерін біз кеңесте қарауға тиіспіз.

Мұнымен қатар тиісті дәрежеде шешілуі Индо- Қытайдың барлық мемлекеттерінде соншалық қажет болып отырған бейбітшілік орнатуды мүмкін ететін маңызды саяси мәселелерді де талқылау қажет. Әрине, саяси мәселелерді шешу үшін де екі жақтың арасында тікелей байланыс жасауының зор маңызы болады.

# СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ ЖЕНЕВА КЕҢЕСІ

ЖЕНЕВА, 8 июнь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** Бүгін, бірқатар жабық мәжілістерден кейін, Индо -Қытай мәселесін талқылауға қатысушы тоғыз делегация пленум мәжлісіне жиналды. А. Иден председательдік етті.

Бірінші болып сөз сөйлеген Францияның сыртқы істер министрі Ж. Бидо Индо- Қытай мәселесі жөніндегі айлық дискуссияның қорытындыларын шығаратын ниеті бар екенін мәлімдеді.

Бірақ, Бидоның бұдан кейін айтқандарында дискуссияның нәтижелерін объективті түрде толық бағалағандық болмады.

Бұдан кейін Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы Фам Ван Донг сөз алды. Кеңесте тапсырылған әртүрлі ұсыныстарды салыстыра келіп, Фан Ван Донг мынаны атап көрсетті: Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының ұсыныстары соғыс проблемаларын, сондай- ақ саяси проблемаларды реттеу жолымен Индо- Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге бағытталып отыр. Ал, Бидоның жоспары біржақты соғыс жоспары болып табылады және ол Индо- Қытайда бейбітшілік орнату туралы мәселенің саяси маңызын қасақана елемейді. Кейбір делегациялардың бүкіл Индо- Қытайда бейбітшілік орнату туралы мәселені конференцияда талқылағысы келмейді және Вьетнам туралы мәселені Кхмер мен Патет-Лао туралы мәселелерден бөліп алуды талап етуде. Фан Ван Донг мұндай ұсыныстардың осы делегациялардың шын ниеттерін айқын бейнелеп отырғанын көрсетті. Ол Индо- Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге қарсылардың соңғы кездегі әртүрлі айла- әрекеттерін әшкерелеп, Индо- Қытайда, Францияда, Оңтүстік- Шығыс Азияда және Женевада қимыл жасап отырған бейбітшіл күштер мұндай айла- әрекеттердің алдында дәрменсіз болмайды деп мәлімдеді. Фам Ван Донг Қытай Халық Республикасы делегациясының ұсынысында тұжырымдалған соғыс мәселелерін онан әрі қарауды, сонымен қатар саяси мәселелерді қарауға тезінен кірісуді ұсынды.

Фам Ван Донгтен кейін іле-шала сөз алған Камбоджаның өкілінің сөзі Индо-Қытайдың барлық халықтарының ұлттық праволарын мойындау негізінде Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруді Камбоджа үкметі мен оның қамқоршыларының тіпті де көздемей отырғандығын тағы да дәлелдеп берді. Камбоджалық өз жоспарын қорғайтын «дәлелдер» айтамын деп кеңестің көп уақытын босқа өткізді, ал, оның бұл жоспары жалпы алғанда: өзінің азаттығы үшін күресіп жатқан Кхмер халқының халықтық- азаттық күштерін Вьетнам Демократиялық Республикасы тарапынан «басып кірген күштер» деп жариялауды, бұл халықтық-азаттық күштерін қарусыздандыруды және Камбоджаның қолжаулық үкметінің үкмет билігін бүкіл Кхмер территориясында таратуды көздейді. Камбоджа үкметінің делегациясы соғыс қимылдары тоқтатылғаннан кейін де бұл үкметтің сырттан шетелдік қару-жарақ пен шетелдік әскери қызметшілер әкелуіне право берілуге тиіс деп мәлімдеп, өз үкметінің шын ниеттерін әшкерелеп берді. Басқа сөзбен айтқанда, Камбоджаның қолжаулық үкметі өзінің қол астындағы территорияны Индо-Қытай халықтарының демократияшыл күштеріне қарсы соғыс қимылдарын қайта бастайтын тірекке айналдырудан тартынбайтын көрінеді.

Кеңеске қатысушылар ССРО делегациясының басшысы В. М. Молотовты зор ынта қойып тыңдады. (В. М. Молотовтың мәлімдемесі газетіміздің осы номерінде жарияланып отыр).

Ағылшын делегациясының басшысы А. Иден былай деп мәлімдеді: кеңес Индо-Қытай мәселесін талқылаған кезде кейбір табыстарға жетті. Бірақ жеке проблемалар жөніндегі алшақтықтар әлі де өте елеулі болып отыр; егер кеңес бұл проблемаларды шешпесе, ол өзінің міндетін орындап шықпайды.

Иден бақылау жөніндегі халықаралық комиссияның құрамына өздерінің премьер-министрлері жуырда Коломбода болған конференцияда қатысқан елдер, яғни Индия, Пакистан, Бирма, Индонезия және Цейлон кіретін болсын деген ұсыныс енгізді.

Иден сөзінің қорытындысында, өзінің пікірінше, халықаралық комиссияның құрамы туралы мәселені шешкеннен кейін комиссияның міндеттері мен құрылымы туралы мәселені, сонымен қатар кепілдіктер туралы мәселені талқылауға болады деп мәлімдеді.

АҚШ өкілі Смит бақылау жөніндегі халықаралық комиссияның құрамы туралы Иденнің ұсынысына қосылып, бұл ұсынысты мұқият зерттеу керек деп мәлімдеді.

* * *

ЖЕНЕВА, 9 июнь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** Бүгін В. М. Молотовтың председательдік етуімен, Индо- Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселені талқылауға қатысушы тоғыз делегацияның кезекті пленум мәжлісі болды.

Бірінші болып сөз сөйлеген баодайлық өкіл өзінің сөзін мынадай желеуден бастады: Вьетнам Демократиялық Республикасының делегациясы бүкіл Индо- Қытай территориясында соғыс қимылдарын бір мезгілде тоқтату туралы мәселе жөніндегі және соғысушы жақтардың әс-ныс қабылданбаған күнде — Пакистан. Таиланд, Индия, Цейлон және Филиппин өкілдерінен құрылатын халықаралық комиссияға жүктелсін деген баодайлық делегаттың ұсынысын қолдады.

Лаос өкілінің сөзі көп уақыт алса да, кеңеске қатысушылар оның аузынан бірде-бір жаңа сөз естіген жоқ. Ол өзінің бұдан бұрын көп рет айтқан бірсарынды сөздерін мазасыз қайталап айтып, Индо-Қытай мәселесі жөнінде келісімге жетуге тіпті де мүдделі болмай отырған үкметтер өзіне өктемдікпен ұстаған позицияны жақтаумен болды.

# ХАБАР

ССР Одағы Жоғарғы сотының Соғыс коллегиясы американ разведкасы ССРО территориясына өткізген американ шпион-диверсанттары Владимир Константинович Галай мен Юрий Александрович Храмцовтың ісін қарады.

Мемлекеттік хауіпсіздік органдары жүргізген зерт Галайдың Австрияда тұрған әскер бөлімдерінің бірінде қызмет атқарып жүріп, жергілікті адамдардың арасындағы қылмыстылармен байланыс жасағанын және саудагерлік істермен былығып, бөлімнен қашып кеткенін анықтады. Галай Венаның американ секторына келгенде оны американ оккупациялық өкметі ұстаған, ал, бұдан кейін американ разведкасының офицерлері оны агенттікке жалдап, «Лоуренс С. Джонсон» деген шпиондық атпен аталатын разведка мектебіне жіберген.

Осы жолмен американ разведкасы Берлин қаласының американ секторының территориясына келген қылмысты Храмцовты да жалдап, разведка мектебіне жіберген, ол «Васильев Григорий» деген атпен Галаймен бірге оқыған.

Сот мәжлісінде Галай және Храмцов олар оқыған американ разведка мектебі Роттах деген жерде (Батыс Германияда) тұрғандығын айтты. Бұл мектептің оқытушылары жалған атпен жүрген, американ разведкасының қызметкерлері болған. Галай мен Храмцовқа: мектеп директоры өзін «Корней» деп атайтын, американ разведкасының капитаны, мектептің нұсқаушылары американ разведкасының офицерлері «Френк» пен «Джим» екендігі, сол сияқты, радио ісінің оқытушысы «Джан» екендігі мәлім.

Бұл мектепте оқыйтын адамдардың барлығы өздерінің кім екендіктерін білдірмеу үшін өздерін қолдан жасалған жалған документтермен жасырып, американ армиясының жалданған қызметкерлеріміз деп атайтын болған. Храмцовтың поляк «Джордж Стефан» деген атпен документі болған, ол американ армиясының жалданған шоферы-мыс деп аталған, ал, Галай өзін исланд «Джон Айнорсон» деп атаған.

Галай мен Храмцов бірқатар айлар бойы американ разведкасы офицерлерінің басшылығымен ССРО территориясында барлау- бүлдіру жұмыстарын жүргізу жолдарын, жалған документтер, мөрлер жасау, мылтық ату, өнеркәсіп объектілері мен аэродромдарды фотоға түсіру әдістерін, радио ісін және разведка орталығымен байланыс жасау үшін құпия жазуды қолдану жолын үйренген.

Разведка мектебін бітіргеннен кейін Галай мен Храмцов Висбадендегі аэродромнан американ самолетіне отырғызылып, разведка офицері «Джимнің» қостауымен Норвегияға, Осло қаласына, ал, бұдан кейін бір моторлы норвег гидросамолетімен норвег -совет мемлекеттік шекарасы ауданына жеткізілген.

Норвегияның шекара өкметінің көмегімен Галай және Храмцов шекара арқылы Мурман облысының территориясына өт-

дықтардың күшімен емес, қайта сонда жыйналған әртүрлі шетелдіктердің күшімен жүзеге асырылғанын кім бекер дей алады. Диен- Биен- Фу гарнизонының әскерлерінде басым көпшілігі Францияға да, Вьетнамға да ешқандай қатысы жоқ адамдар болды. Міне бұл адамдар, көрдіңіздерме, Вьетнамның мүдделерін қорғапты, ал шынында Вьетнам халқы олардан мұны өтінбеген болатын.

Біз Вьетнам Демократиялық Республикасының әскерлерінде мүлде басқа жағдайды көріп отырмыз. Оның әскерлерінде вьетнамдықтардан басқа ешкім де болған жоқ. Бұл әскерлердегі шетелдіктер жайында лақап таратуға тырысқан барлық әрекеттердің қолдан жасалған өтірік екендігі барлық жұртқа айқын болды. Ал мұның өзі Вьетнам халқының кімді жақтап отырғанын көрсетпей ме? Ұлт -азаттық қозғалысының маңызын кемітуге тырысқан әрекеттер осындай фактілермен талқандалуда.

Соңғы кездегі басқа бір мысалды алып көрейік.

Тіпті жақында ғана, май айында. Бао Дай үкметі өз әскерлерін көбейту үшін вьетнамдықтарды әскерге алу жұмысын жүргізді. Бұл істің немен тынғанын сіздер білесіздер. Армияға шақырылғандардың тек 10 проценті ғана келген. Қалған 90 процентінің баодайлық үкметтің армиясына барғысы келмеген. Ағылшынның «Обсевер» газетінде бұдан екі күн бұрын жарияланған бір хабарды да еске салуға болады. Бұл хабар бойынша, Бао Дайдың вьетнамдық армиясы «кәзіргі уақытта қашып кету және қарсылық білдіру салдарынан жаңа шақыру нәтижесінде жыйнап алған адамдардан көрі анағұрлым көп адамнан айырылуда». Шынында да, бүгін таңдағы бұл фактілер Вьетнам халқының кәзіргі баодайлық өкмет орындарын жақтамай, өзінің демократиялық респ... дауыс бермеген».

Бұған байланысты жуырда ағылшынның «Спектейтор» журналының былай деп жазғанын да еске салайын: «Кәзіргі кезеңде Вьетнамдағы еркін сайлау, «сөз жоқ, Хо Ши Миннің Бао Дайды жеңуіне әкеліп соқтырады».

«Франс-Обсерватэр» журналының 3 июньдегі пікірлері жоғарыда айтылғанды жақсы түсіндіреді, бұл журналда Вьетнамдағы кәзіргі жағдайға мынадай баға берілген:

«Бао Дайға дұшпандық көзқарастың анағұрлым күшті болып отырған себебі сол, ол ішкі саясат саласында, атап айтқанда, парахорлықты жою, аграрлық реформа жүргізу, еңбек кодексін жүзеге асыру және сондайлар жайында берген уәделерін орындамады. Жұмысшылардың тұрмыс дәрежесі 1939 жылмен салыстырғанда 60 процент төмендеді. Баспасөзге қойылған бақылау қай кездегіден болса да анағұрлым масқаралық бақылау болып табылады».

Жоғарыда келтірілген, өзінің санын көп есе көбейтуге болатын хабарлар француз әскерлері оккупациялап алған Вьетнам территориясындағы ішкі саяси жағдайдың апатты жағдай екендігін көрсетеді, өйткені кәзіргі үкмет халықпен байланысты емес және оның мүдделерін тіпті де білдіріп отырған жоқ. Вьетнам Демократиялық Республикасы ұсынған еркін сайлау өткізу туралы ұсыныс Вьетнамдағы саяси және экономикалық жағдайды шын мәнісінде жақсарту үшін ерекше маңызды болып табылады. АҚШ мемлекеттік секретарының Индо- Қытайда еркін сайлау өткізу дәрежесіне Вьетнамның әлі жетпегендігі және оның бұл сайлауға тілектестікпен қарамайтындығы жайында жуырда жасаған мәлімдемесі Вьетнамдағы және Индо- Қытайдың басқа мемлекеттеріндегі ішкі саяси жағдайды реттеуге ұмтылып...

Совет делегациясы, кеңесте талқыланып отырған соғыс мәселелерін қараудың үстіне, мынадай мәселелерді қарауды қажет деп санайды:

1. Индо -Қытайда туған жағдайға байланысты өзінің шешілуін талап етіп отырған саяси мәселелер онан әрі кешеуілдетілмей қаралатын болсын. Біз бұл мақсатпен соғыс және саяси мәселелердің қатарласа қаралуын, сөйтіп, соғыс және саяси мәселелерге арналған мәжлістердің кезекпен өткізілуін қамтамасыз ететіндей тәртіп қабылдай алған болар едік.

2. Ең алдымен Индо- Қытайдың үш мемлекетіне суверенитет пен тәуелсіздік беруге, бұл мемлекеттерде жалпыға бірдей еркін сайлау өткізуге, сонымен қатар барлық шетелдік әскерлерді Индо-Қытайдың территориясынан әкетуге қатысы бар мәселелер қаралатын болсын.

3. Саяси мәселелерді талқылау үшін екі жақтың өкілдері арасында тікелей байланыс жасау қамтамасыз етілсін, мұның қолайлы маңызы болар еді және бұл мәселелер жөнінде тиісті келісімге жету мүмкіндігін жеңілдеткен болар еді.

Совет делегациясы соғыс мәселелерін, сондай-ақ саяси мәселелерді неғұрлым тез қарауға барынша көмектесуге ұмтылып отыр. Біз Женева кеңесіне қатысушылардың бәрі бұл мәселелерді қарау ісін ілгері бастыруға ұмтылып отыр деп үміттенеміз, өйткені Индо -Қытайда баянды және сенімді бейбітшілікті қалпына келтіру осыған байланысты.

Бүгін біз француз делегациясы басшысының мәлімдемесін тыңдадық, бұл мәлімдемеде Женева кеңесі бейбітшілікке жету жолында кәзірдің өзінде кейбір нәтижелерге жетті делінген. Бұл мәлімдеменің маңызы француз делегациясының бұдан былайғы қадамының оған қандай дәрежеде сай келетіндігіне байланысты.

...белгілеу жайындағы өзінің ұсыныстары мен Вьетнамды бөлшектеу мақсатын көздепті-міс. Баодайлықтың мұндай мәлімдемесін ақиқатты қасақана бұрмалағандық деп танымауға болмайды, өйткені, Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының соғыс мәселелері жөніндегі ұсыныстармен қатар соғыс қыймылдарын тоқтатуға ғана емес, сонымен бірге Индо- Қытай халықтарының заңды ұлттық праволарын орындау негізінде бүкіл индо- қытай проблемасын тұтасымен баянды түрде және түпкілікті шешуге бағытталған бірқатар ұсыныстар енгізгені жұртқа мәлім. Ал, 10 майда енгізілген және баодайлық өкіл, әрине, жақсы білетін бұл ұсыныстар Вьетнамның бүкіл территориясында Вьетнамның суверенитеті мен тәуелсіздігін, сондай-ақ Кхмер мен Патет- Лаоның суверенитеті мен тәуелсіздігін Францияның мойындауын, Индо- Қытайдың барлық мемлекеттерінде, әрбір елде біртұтас үкмет құру мақсатымен, жалпыға бірдей еркін сайлау өткізуді және басқа шараларды көздейді.

Баодайлық тәртіптің өкілі Бао Дай үкметінің Вьетнам халқының атынан өкіл болу правосын алуға тырысып отырған жұрт күлерлік әрекеттерін қайталап айтты. Бірақ ол Вьетнам Демократиялық Республикасы мен ССРО делегацияларының кешегі мәлімдемелерінде келтірілген және баодайлық үкмет орындарының Вьетнам халқының мүдделерін білдірмейтінін, олардың шетелдік әскерлердің күшіне сүйеніп отырғанын, сондықтан шетелдік отарлық үстемдікті жүзеге асырудың құралы ғана болып табылатындығын көрсететін фактілерді бекер дей алмады. Бүкіл Вьетнам үшін біртұтас демократиялық үкмет құру мақсатымен Вьетнам халқының Вьетнамға жалпыға бірдей еркін сайлау өткізу жолымен өз еркін білдіруіне право беруден баодайлық үкметтің қорқатындығын бұл үкмет өкілінің сөзі тағы да айқын көрсетті. Баодайлық үкмет орындарының шетелдің араласуынсыз және қысымынсыз, шетелдік әскерлердің қатысуынсыз сайлау өткізгісі келмейтінін баодайлық өкілдің сөзі тағы да дәлелдеп берді.

Соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісім шарттарының орындалуына бақылау қою жайындағы мәселеге тоқтай келіп, баодайлық өкіл бұл бақылау міндеті Біріккен Ұлттар Ұйымына жүктелуге тиіс деп мәлімдеді, ал, шынында да бұл ұйымдардың Женева кеңесіне ешқандай қатысы жоқ.

Баодайлықтан кейін іле-шала сөз алған Лаос өкілінің сөзі оның өз делегациясының Индо- Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру міндетін емес, қайта соғысты онан әрі ұлғайту міндетін алға қойып отырған үкметтердің қолшоқпары екендігін көрсетті.

Лаос өкілі соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің жүзеге асырылуын бақылау. БҰҰ-ға жүктелсін, ал, бұл ұсы-...

...ликасы делегациясының басшысы Чжоу Энь-лай үлкен мәлімдеме жасады. Сачрет талқылау нәтижесінде, деп көрсетті, ол, кеңес белгілі нәтижелерге жетті, бірақ, қол жеткен табыстар әлі тіпті де жеткіліксіз, сондықтан кеңестің жұмысы бүкіл дүние жүзі халықтарының ынтызар мүдделерін қанағаттандыра алмайды. Чжоу Энь- лай соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімнің жалпы принциптері туралы ұсыныстар жөніндегі дискуссияның барысына мұқыят талдау жасады, ал Қытай Халық Республикасының делегациясы ол ұсыныстарды 27 майда. Франция мен Вьетнам Демократиялық Республикасы делегацияларының ұсыныстарына, сондай-ақ совет делегациясы бұл ұсыныстарға қосқан толықтыруға сүйене отырып, енгізген болатын. Бұл ұсыныстарды талқылаудың барысында, деп көрсетті ол, кейбір мәселелер жөнінде көзқарастың жақындаса бастағаны байқалады, бірақ, басқа мәселелер жөнінде көзқарастар арасында әлі де едәуір алшақтықтар бар, соның өзінде кейбір делегациялар өздерінің ұстаған позициясымен кеңестің барысына кедергі келтіруде. Чжоу Энь- лай сонымен бірге өздерінің саясаты Индо- Қытайдағы соғысты ұлғайтуға және Женева кеңесінде келісімге жетуге жол бермеуге бағытталып отырған АҚШ-тың позициясын сынады. КХР делегациясының басшысы сонымен қатар мынаны атап көрсетті: Женева кеңесі өткізіліп жатқан кезде Франциядағы соғысты жақтаушылар өздерінің бүкіл назарын АҚШ-тың Индо- Қытайдағы соғысқа араласуын қамтамасыз етуге аударып Женева кеңесін кешеуілдету саясатын жүргізуде.

КХР делегациясы, деп мәлімдеді Чжоу Энь-лай, Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Совет Одағы делегацияларының Индо- Қытайдың саяси проблемаларын талқылау жайындағы ұсыныстарын толығынан қолдайды.

Бұдан кейін сөз сөйлеген АҚШ өкілі Смит В. М. Молотовтың кешегі мәлімдемесінде және Чжоу Энь-лайдың бүгінгі сөзінде АҚШ саясатына айтылған сынға жауап беретін ниеті бар екенін мәлімдеді. Бірақ АҚШ билеуші топтарының бүкіл күш- жігерін Индо- Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге емес, қайта ондағы соғысты онан әрі ұлғайта беруге жұмсап отырғанын бекер дей алатын дәлелдері болмағандықтан, американ өкілі Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының саясаты жөніндегі тозығы жеткен өтіріктерді қайталаумен шұғылданды.

Ал, талқыланып отырған мәселенің түпкі мәніне келетін болсақ, Смит Индо-Қытай халықтарының ұлттық праволарын мойындау негізінде Индо- Қытай мәселесін реттеуге кедергі келтіру мақсатын көздейтін ұсыныстарды ғана қолдайтынын мәлімдеумен тынды.

Осымен мәжліс жабылды.

...тының Соғыс коллегиясының сот мәжлісінде айтқандай, олар американ разведкасынан ССРО территориясында маңызды өнеркәсіп пен соғыс объектілері, аэродромдар жөнінде мәліметтер жыйнауға, бұл объектілерді фотоға түсіруге және олардың дәл координаттарын анықтауға тапсырыс алған.

Құпия жазумен жазылған шпиондық мәліметтерді американ разведкасына жіберу үшін Галай мен Храмцовқа мынадай адрестер берілген: Берлин, СВ—61, Обентраунштрассе, 32, Дальхау Викторға; Берлин, 30, Мотцштрассе, 9, Гаулер Рихардке.

Алдын ала және сот тергеулерінде Галай мен Храмцов өздері жасаған қылмыстар үшін айыпты екендіктерін мойындады.

ССРО Жоғарғы сотының Соғыс коллегиясы Галай мен Храмцовтың РСФСР Қылмысты Істер Кодексінің 58—1 б статьясында көрсетілген қылмыстарды жасағандығы дәлелденгендігін анықтады, бірақ, айыпкерлердің шынымен мойындағандығын еске алып, Галай мен Храмцовқа ең ауыр жаза қолданбауға болады деп тапты және олардың әрқайсысын 25 жылға еңбек-түзеу лагерьлерінде ұстауға үкім етті.

(СОТА).

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Дүниежүзілік жұмысшылар қозғалысының бірлігі үшін

ЛОНДОН, 11 июнь. (СОТА). Англияның коммунальдық мекемелері қызметкерлерінің ұлттық кәсіподағының бас секретары Брин Робертс осы кәсіподақ журналының кезекті номерінде ағылшын- совет кәсіподақ комитетін қалпына келтіру жөніндегі талапты қолдаған. Ол бұл талапты дүниежүзілік кәсіподақ қозғалысының бірлігі жөніндегі келіссөздердің алғашқы адымы болып табылады деп бағалаған.

Ол сол сыяқты ағылшын-қытай кәсіподақ комитетін құру туралы да айтқан.

## Халықаралық сауданы кеңейту үшін

ДЖАКАРТА, 11 июнь. (СОТА). Индонезия баспасөзі өзара тиімділік негізінде барлық елдермен сауда қатнастарын кеңейтуді жақтауда. «Хариан ракьят» газетінің жазғанындай, Совет Одағымен, Қытай Халық Республикасымен және халық демократиялық елдерімен кең көлемде байланыс орнату Индонезияға өте зор экономикалық пайда берер еді. Газет былай деп атап көрсетеді: бұл елдермен өзара тиімділік негізінде кең сауда қатнастарын жасау Индонезия үшін, империалистік державалардың, әсресе АҚШ-тың Индонезия экономикасына үнемі зыян тигізіп отыруына байланысты өте қажет.

## АҚШ ГВАТЕМАЛАҒА ИНТЕРВЕНЦИЯ ДАЯРЛАУДА

МОНТЕВИДЕО, 11 июнь. (СОТА). Хабарларға қарағанда, АҚШ панамерикан Х-конференциясында Латын Америкасы елдеріне өздері таңған «антикоммунистік» қарарды және Рио-де- Жанейрода қол қойылған Батыс жарты шарды «өзара қорғау» туралы договорды пайдаланып, Гватемалаға қарсы интервенция ұйымдастыру мақсатымен американ континентіндегі елдер сыртқы істер министлерінің консультативтік кеңесін шақыруға әрекеттенуде. Уругвай баспасөзінің хабарларына қарағанда, мұндай кеңесті 1 июльде Монтевидеода шақыруға белгіленген.

## Киноларда

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«БАҚЫТТЫ ФИНИШ»**

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«ПАРТИЗАННЫҢ БАЛАЛАРЫ»**

Сағат 4-30, 6,30, 8-30, 10-30-да басталады.

Петропавлдың былғары заводына тасшылар, үй төбесін қаңылтырмен жабушылар және жұмысшылар керек.
Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп -транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.**

УШ 01259. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**